



## Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысы.

### РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан **караныз**.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар (бұдан әрі – бірыңғай талаптар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бірыңғай талаптардың 140-тармағы 2018 жылғы 1 қантарға дейін қолданылады.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

*Б. Сагынтаев*

*Қазақстан Республикасы*

*Үкіметінің*

*2016 жылғы 20 желтоқсандағы*

*№ 832 қаулысымен*

*бекітілген*

## Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар

**Ескеरту.** Бүкіл мәтін бойынша "локальдық жөлі", "локальдық жөлінің", "оқшау жөлі", "оқшау жөлісінің" деген сөздер тиісінше "жергілікті жөлі", "жергілікті жөлінің", "жергілікті жөлісінің" деген сөздермен аудыстырылды - КР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар (бұдан әрі – БТ) "Ақпараттандыру

"туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес өзірленді және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы талаптарды айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласына қатысты БТ ережелерін мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік занды тұлғалар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын немесе мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің иелері және иеленушілері, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның өте маңызды объектілерінің иелері мен иеленушілері міндетті түрде қолдануы тиіс.

3. БТ ережелері:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның құрылымына кіретін ұйымдар интернет-ресурстарды, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерімен интеграцияланбайтын ақпараттық жүйелерді, жергілікті желілерді және телекоммуникациялар желілерін құру немесе дамыту, пайдалану бойынша жұмыстарды жүзеге асырған кезде, сондай-ақ ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізген кезде туындастын қатынастарға;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларға жатқызылған қорғалып орындалған ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ арнайы мақсаттағы телекоммуникациялар және/немесе президенттік, үкіметтік, құпияландырылған, шифрланған және кодталған байланыс желілеріне;

3) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерімен интеграцияланбайтын ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын ақпараттық жүйелерді құру немесе дамыту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырған кезде туындастын қатынастарға;

4) осындей ережелерді орындау "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" ҚР Заңының 50-бабының 4-тармағын бұзуға әкеп соғатын жағдайларда ұйымдарда қолданылмайды.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. БТ мақсаты мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік занды тұлғалар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын немесе мемлекеттік

электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің иелері және иеленушілері, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның өте маңызды обьектілерінің иелері мен иеленушілері ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында міндettі түрде орындауға тиіс талаптарды белгілеу болып табылады.

#### 5. БТ міндettтері:

- 1) мемлекеттік басқарудың ағымдағы және стратегиялық міндettтерін шешу үшін мемлекеттік органдарды ақпараттандыруды ұйымдастыру және басқару қағидаттарын айқындау;
- 2) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру обьектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен басқарудың бірыңғай қағидаттарын айқындау;
- 3) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым обьектілерінің компоненттерін біріздендіру жөніндегі талаптарды белгілеу;
- 4) серверлік үй-жайлардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын құрылымдау мен ұйымдастыру жөніндегі талаптарды белгілеу;
- 5) ақпараттандыру обьектілерінің барлық өміршендей кезеңдерінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік саласындағы стандарттар ұсынымдарының міндettі қолданылуын белгілеу;
- 6) мемлекеттік және мемлекеттік емес электрондық ақпараттық ресурстардың, бағдарламалық қамтылымның, ақпараттық жүйелердің және оларды қолдайтын ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қорғалу деңгейін арттыру болып табылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

#### 6. Осы БТ мақсаттары үшін оларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

- 1) ақпаратты өндеу құралдарымен байланысты активті таңбалау – активті кейіннен сәйкестендіру (тану), оның қасиеттері мен сипаттамаларын көрсету мақсатында оған шартты белгілерді, әріптерді, сандарды, графикалық белгілерді немесе жазуларды түсіру;
- 2) ақпаратты криптографиялық қорғау құралы (бұдан әрі – АКҚ) – криптографиялық түрлендіру алгоритмдерін, шифрлау кілттерін генерациялауды, қалыптастыруды, бөлуді немесе басқаруды іске асыратын бағдарламалық қамтылым немесе аппараттық-бағдарламалық кешен;
- 3) ақпаратты өндеу құралдарымен байланысты активтер (бұдан әрі – актив) – ақпарат болып табылатын немесе ақпаратты қамтитын немесе ақпаратты өндеу, сактау, беру үшін қызмет ететін және ұйымның мақсаттарына қол жеткізу және оның

қызметінің үздіксіздігі мұддесі үшін құндылығы бар материалдық немесе материалдық емес объект;

4) ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі техникалық құжаттама (бұдан әрі – АҚ ТК) – ақпараттандыру обьектілерінің және (немесе) үйымның АҚ-ны қамтамасыз ету процестеріне қатысты саясатты, қағидаларды, қорғау шараларын белгілейтін құжаттама ;

5) ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларының мониторингі (бұдан әрі – АҚ оқиғаларының мониторингі) – ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын анықтау және сәйкестендіру мақсатында ақпараттандыру обьектісін ұдайы қадағалау;

6) масштабталу – ақпараттандыру обьектісінің өндөлетін ақпарат көлемінің және (немесе) бір мезгілде жұмыс істейтін пайдаланушылар санының өсуіне қарай өзінің өнімділігін арттыру мүмкіндігін қамтамасыз ету қабілеті;

7) бағдарламалық робот – іздеу жүйесінің немесе мониторинг жүйесінің веб-беттерді автоматты түрде және (немесе) берілген кесте бойынша қарап шығуды орындағынын, веб-беттерде табылған сілтемелермен өтіп, олардың мазмұнын оқытын және индекстейтін бағдарламалық қамтылымы;

8) жабдықты жүктелмеген (сұық) резервтеу – ақпараттық жүйені немесе электрондық ақпараттық ресурсты жедел қалпына келтіру мақсатында жұмысқа дайындалған және белсенді емес режимде тұрған қосымша серверлік және телекоммуникациялық жабдықты, бағдарламалық қамтылымды пайдалану;

9) жабдықты жүктелген (қызу) резервтеу – ақпараттық жүйенің, электрондық ақпараттық ресурстың өткізу қабілетін, сенімділігі мен істен шығуға төзімділігін икемді және жедел ұлғайту мақсатында қосымша (артық) серверлік және телекоммуникациялық жабдықты, бағдарламалық қамтылымды пайдалану және оларды белсенді режимде ұстай;

10) жұмыс станциясы – қолданбалы міндеттерді шешуге арналған жергілікті желі құрамындағы стационарлық компьютер;

11) жүйелік бағдарламалық қамтылым – есептеу жабдығының жұмысын қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық қамтылым жиынтығы;

12) интернет-браузер – интернет-ресурстардың мазмұнын көрнекі көрсетуге және онымен интерактивті өзара іс-қимыл жасауға арналған қолданбалы бағдарламалық қамтылым;

13) кодталған байланыс – кодтау құжаттары мен техникасы пайдаланылатын қорғалған байланыс;

14) көфакторлы аутентификациялау – әртүрлі параметрлер комбинациясының, оның ішінде парольдерді немесе аутентификациялық белгілерді (цифрлық сертификаттарды, токендерді, смарт-карталарды, бірреттік парольдердің генераторларын және биометриялық сәйкестендіру құралдарын) генерациялаудың және енгізуудің көмегімен пайдалануышының шынайылығын тексеру тәсілі;

15) кростық үй-жай – қосу, тарату пункттері мен құрылғыларын орналастыруға арналған телекоммуникациялық үй-жай;

16) қолданбалы бағдарламалық қамтылым (бұдан әрі – КБК) – нақты саладағы белгілі бір топтың қолданбалы міндеттерін орындауға арналған бағдарламалық қамтылым кешені;

17) құпияландырылған байланыс – құпияландыру аппаратурасы пайдаланылатын қорғалған байланыс;

18) мемлекеттік органдардың серверлік орталығы (бұдан әрі – МО серверлік орталығы) – меншік иесі немесе иеленуші "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы болып табылатын, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін орналастыруға арналған серверлік үй-жай (деректерді өндөу орталығы);

19) оқиғаларды журналдау – ақпараттандыру объектісімен болып жатқан бағдарламалық немесе ақпараттық оқиғалар туралы ақпаратты оқиғаларды тіркеу журналына жазу процесі;

20) серверлік үй-жай (деректерді өндөу орталығы) – серверлік, активті және пассивті желілік (телекоммуникациялық) жабдықты және құрылымдалған кабілдік жүйелердің жабдығын орналастыруға арналған үй-жай;

21) сыртқы шенбердің жергілікті желісі (бұдан әрі – сыртқы шенбердің ЖЖ) – уәкілетті орган айқындаған ақпараттандыру субъектілерінің жергілікті желісі, ол ақпараттандыру субъектілері үшін қолжетімділікті байланыс операторлары Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзі арқылы ғана ұсынатын Интернетке қосылған ақпараттандыру субъектілері телекоммуникациялық желісінің сыртқы шенберіне жатқызылған;

22) терминалдық жүйе – қосымшалармен терминалдық ортада немесе талғампаз клиент-бағдарламалар мен клиенттік-серверлік архитектурада жұмыс істеуге арналған талғампаз немесе нөлдік клиент;

23) уақыт көзінің инфрақұрылымы – серверлердің, жұмыс станцияларының және телекоммуникациялық жабдықтың ішкі сағаттарын синхрондау міндеттерін орындастын, уақытты синхрондаудың желілік хаттамасын пайдаланатын иерархиялық байланысқан серверлік жабдық;

24) үкіметтік байланыс – мемлекеттік басқару қажеттеріне арналған арнайы қорғалған байланыс;

25) ұйым – мемлекеттік заңды тұлға, квазимемлекеттік сектор субъектісі, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын немесе мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің меншік иелері және иеленушілері, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің меншік иесі мен иеленушісі;

26) федеративті сәйкестендіру – сенімді қатынастар орнатқан жүйелердегі және желілердегі электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу үшін пайдаланушының бірынғай атын және аутентификациялық сәйкестендіргішті пайдалануға мүмкіндік беретін технологиялар кешені;

27) шифрланған байланыс – қол шифрларын, шифрлау машиналарын, желілік шифрлау аппаратурасын және есептеу техникасының арнаулы құралдарын пайдалана отырып қорғалған байланыс;

28) ішкі шенбердің жергілікті желісі (бұдан әрі – ішкі шенбердің ЖЖ) – уәкілетті орган айқындаған ақпараттандыру субъектілерінің жергілікті желісі, ол мемлекеттік органдардың бірынғай көліктік ортасына қосылған ақпараттандыру субъектілерінің телекоммуникациялық желісінің ішкі шенберіне жатқызылған;

29) "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзі (бұдан әрі – ЭУСШ) – "электрондық үкімет" шлюзінің МО БКО-да орналасқан ақпараттық жүйелердің МО БКО-дан тыс орналасқан ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған кіші жүйесі;

30) ақпараттық қауіпсіздіктің ішкі аудиті – ұйымдағы ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігінің ағымдағы жай-күйінің сапалық және сандық сипаттамаларын бақылаудың әділ, құжатталған, өз мүдделерінде ұйым өзі жүзеге асыратын процесі;

31) желіаралық экран – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымда жұмыс істейтін, берілген қағидаларға сәйкес желілік трафикті бақылау мен електен өткізуді жүзеге асыратын ақпараттық-бағдарламалық немесе бағдарламалық кешен;

32) уәкілетті орган айқындаған ақпараттандыру субъектілері – жергілікті (Интернетке қолжетімділігі бар жергілікті желілерді қоспағанда), ведомстволық және корпоративтік желілердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың бірынғай көліктік ортасын пайдаланатын мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ өзге де ақпараттандыру субъектілері.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6-1. Цифрлық трансформациялау шенберінде МО мен ЖАО-ны цифрландыру "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту не "электрондық үкімет" архитектурасына сәйкес "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерін немесе ақпараттық-коммуникациялық көрсетіletтің қызметтерді сатып алу жолымен, оның ішінде мыналар ескеріле отырып жүзеге асырылады:

1) платформалылық – "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының ведомствоаралық орталықтандырылған технологиялық

платформаларын және мемлекеттік басқарудың әртүрлі салалары (аялары) шеңберінде ортақ техникалық міндеттерді шешу құралдарын қалыптастыру және тұрақты дамыту;

2) шешімдердің әмбебаптығы – үлгілік қолданбалы міндеттерді шешу және қамтамасыз етуші үлгілік мемлекеттік функцияларды автоматтандыру үшін дайын бағдарламалық қамтылым мен сервистік бағдарламалық өнімдерді айқындау және олардың пайдаланылуын қамтамасыз ету;

3) шешімдерді компонентпен құру – итеративті түрде жоспарланып, әзірленіп және енгізіліп, бүкіл шешім функционалының бір бөлігін және оны пайдаланудан түсетін пайданы кезең-кезеңімен ұсынатын микросервистер форматы бойынша "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерінің жекелеген стандартты компоненттерін әзірлеуді және енгізуі қамтамасыз ету;

4) нәтижелілік – "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерін пайдаланудан барынша пайда алу, құрылымдық компоненттер мен шығындарды оңтайландыру жолымен шығасылар мен тәуекелдерді қысқарту;

5) техникалық әралуандықты оңтайландыру – еркін бағдарламалық қамтылымның негізделген қолданылуын және техникалық әралуандықты жүйелі басқаруды қамтамасыз ету.

**Ескерту. 1-тaraу 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7. Осы БТ мақсаттары үшін мынадай қысқартулар пайдаланылады:

- 1) АБК – аппараттық-бағдарламалық кешен;
- 2) АҚ – ақпараттық қауіпсіздік;
- 3) АЖ – ақпараттық жүйе;
- 4) АКИ – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым;
- 5) АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- 6) БҚ – бағдарламалық қамтылым;
- 7) ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;
- 8) ЕБҚ – еркін бағдарламалық қамтылым;
- 9) ИҚБШ – Интернетке қолжетімділіктің бірыңғай шлюзі;
- 10) ИР – интернет-ресурс;

11) МО – орталық атқарушы орган, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган, орталық атқарушы орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері;

12) МО БКО – мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы;

13) МО ИРБТ – мемлекеттік органдардың интернет-ресурсстарының бірыңғай тұғырнамасы;

**14) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;**

- 15) ЭАР – электрондық ақпараттық ресурстар;
- 16) ЭУ АКП – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасы;
- 17) ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба;
- 18) АС – уәкілетті орган айқындастының ақпараттандыру субъектілері.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2023 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

- 7-1. Платформалылық мынадай талаптарды орындауға негізделеді:
  - 1) "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының технологиялық платформалары базасында шешімдер құруды және дамытуды жүзеге асыру және (немесе) "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының технологиялық платформаларының функционалдық мүмкіндіктерін пайдалану;
  - 2) "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы технологиялық платформаларының функционалдық мүмкіндіктерін қайталайтын компоненттерді алып тастау;
  - 3) "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының технологиялық платформаларын пайдалана отырып, мемлекеттік функцияларды орындау процестерін және олардан туындастын көрсетілетін қызметтерді автоматтандыруды қамтамасыз ету.

Ескерту. 1-тaraу 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**2-тaraу. Ақпараттандыруды және ақпараттық қауіпсіздікті үйымдастыру мен басқаруға қойылатын талаптар**

**1-параграф. Мемлекеттік органды ақпараттандыруға қойылатын талаптар**

8. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8-1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

- 8-2. Шешімдердің әмбебаптығы мынадай талаптарды орындауға негізделеді:
  - 1) үлгілік қолданбалы міндеттерді және қамтамасыз етуші үлгілік мемлекеттік функцияларды орындау процестерін автоматтандыру үшін дайын бағдарламалық қамтылым мен сервистік бағдарламалық өнімдерді пайдалану;
  - 2) мемлекеттік органның мемлекеттік функцияларын орындау ерекшеліктерін дайын бағдарламалық қамтылымда және сервистік бағдарламалық өнімдерде іске

асырылған процестерге ендіру процесінде бағдарламалық қамтылымды теңшеу және пысықтау қажеттігінсіз бейімдеу;

3) сервистік бағдарламалық өнімдерді пайдаланған кезде мемлекеттік органдардың ендіруге, пайдаланушыларды оқытуға, бағдарламалық қамтылымды және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым компоненттерін сатып алуға ендіруге қосымша шығындарының болмауы.

**Ескерту. 2-тaraу 8-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**9. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

9-1. Шешімдерді компонентпен құру мынадай талаптарды орындауға негізделеді:

1) шешімдерді микросервистік архитектура негізінде стандартты компоненттерді қолдана отырып құру;

2) қойылған міндеттерді шешуге және талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін компоненттердің ең аз қажетті жиынтығын пайдалану;

3) байланысы жоқ өзіндік мемлекеттік функцияларды және (немесе) қамтамасыз етуші үлгілік мемлекеттік функцияларды қатарлас автоматтандыратын артық компоненттерді жоққа шығару;

4) компоненттер құрамының, құрылымының және функционалдығының Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістеріне, әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың құрамына, құрылымына және өкілеттіктеріне бейімделуін, таратыла қолданылуын және икемділігін қамтамасыз ету;

5) компоненттердің "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектісінің мақсаттарына, міндеттеріне және мақсатына толық сәйкес келуі;

6) функционалдық тәуелсіздікті және компоненттердің міндеттері мен функционалдық мүмкіндіктерінің қайталануының болмауын қамтамасыз ету;

7) компоненттерді ашық стандарттар базасында және оны көп мәрте пайдалануды қамтамасыз ету үшін бөгде шешімдерге компонент ұсынатын қолданбалы бағдарламалаудың стандартты интерфейстері жиынтығын (application programming interface, API) пайдалана отырып қалыптастыру;

8) архитектураның бірнеше деңгейін, соның ішінде ұсыну, бизнес-логика және деректерді сақтау деңгейлерін шешім компоненттерінің бір мезгілде қамтуын жоққа шығару арқылы архитектураны көп деңгейлі құру;

9) пысықтау және көп мәрте пайдалану үшін компоненттердің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

**Ескерту. 2-тaraу 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. "Электрондық үкіметтің" архитектурасын дамыту Заңның 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін "электрондық үкіметтің" архитектурасын дамыту жөніндегі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

10-1. Нәтижелілік мынадай талаптарды орындауға негізделеді:

1) шығындарды қысқарту, ақталуын қамтамасыз ету және бюджетке түсетін қаражат түсімдерінің көлемін арттыру жолымен барынша сандық экономикалық әсерді қамтамасыз ету;

2) жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттік басқару саласының (аясының) және (немесе) тұтас мемлекеттің қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталуы;

3) "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеу нәтижелері көрсеткіштерінің мәндері мен өлшем бірліктерінің және мемлекеттік басқару саласының (аясының) нысаналы индикаторларының үйлесімін қамтамасыз ету;

4) өзіндік мемлекеттік функцияларды орындау процестерін автоматтандыру басымдығын қамтамасыз ету;

5) компоненттердің санын кейіннен кеңейте отырып және (немесе) олардың функционалдық деңгейін арттыра отырып, функционалдық мүмкіндіктердің базалық жиынтығы бар шешім компоненттерінің бір бөлігін енгізу арқылы шешімдерді біртіндең итеративті құру және дамыту.

**Ескерту. 2-тaraу 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**11. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11-1. Техникалық әралуандықты оңтайландыру мынадай талаптардың орындалуына негізделеді:

1) мемлекеттік органның қолданыстағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы компоненттерінің иелікten шығарылуы, бағдарламалық қамтылымның атаулары мен нұсқаларынан, сондай-ақ шектеулерден тәуелсіздігі;

2) қолданыстағы бағдарламалық қамтылымның әралуандығын оңтайландыруды және мемлекеттік органның қолданыстағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын оңайлатуды қамтамасыз ету;

3) пайдалану шарттарының өзгеруі және автоматтандыру объектілерінің санын кеңейту нәтижесінде одан әрі даму үшін шектеулерді алып тастау;

4) бағдарламалық қамтылымның өзекті нұсқаларын пайдалануды қамтамасыз ету;

5) шешім компоненттерінің шектеусіз жұмыс істеу қабілеттілігі және проприетарлық лицензиялық бағдарламалық қамтылымға қатысты иеліктің оңтайлы жиынтық құны қамтамасыз етілген жағдайларда еркін бағдарламалық қамтылым пайдаланылатын шешімдер құруды және дамытуды жүзеге асыру.

**Ескерту. 2-тарау 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**12. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**13. МО-ны және ЖАО-ны ақпараттандыру саласындағы тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынған ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстардың есеп-қисабына ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның қорытындысын ескере отырып сатып алу жолымен жүзеге асырылады.**

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**13-1. МО және ұйымдар "Электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алу және "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілері техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастыру қағидаларына сәйкес "электрондық үкімет" архитектуралық порталында ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді және олардың техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастырады.**

**Орналастыру талап етілетін ақпараттандыру объектісінің техникалық құжаттамасының тізбесі "Электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алу және "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастыру қағидаларында айқындалады.**

**Ескерту. 13-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**14. МО-да немесе ЖАО-да ақпараттандыру саласындағы міндеттерді жүзеге асыруды:**

- 1) АКТ қолданудың мониторингін және талдауды;**
- 2) АКТ-активтерінің пайдаланылуын есепке алу мен талдау жөніндегі іс-шараларға қатысады;**
- 3) МО-ның стратегиялық жоспарына ақпараттандыру мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеуді;**
- 4) "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру, сүйемелдеу және дамыту бойынша жұмыстарды үйлестіруді;**
- 5) өнім берушілердің ақпараттандыру саласындағы көрсетілетін қызметтердің шарттарда көзделген сапа деңгейін қамтамасыз етуін бақылауды;**

6) "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталында "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамаларының электрондық көшірмелерін есепке алуы және өзектілендіруді;";

7) "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторына әзірленген бағдарламалық қамтылымды, бастапқы бағдарламалық кодтарды (бар болса), "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің лицензияланған бағдарламалық қамтылымының баптаулары кешенін есепке алу және сақтау үшін беруді;

**8) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;**

9) АҚ жөніндегі талаптарды орындауды жүзеге асыратын ақпараттық технологиялар бөлімшесі қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2023 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

14-1. Меншік иелері және (немесе) иеленушілер "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектісі өнеркәсіптік пайдалануға берілген кезден бастап Заңының 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен "Электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (бар болса), лицензиялық бағдарламалық қамтылымының теңшеу кешенін есепке алу және сақтау қағидаларына сәйкес "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымының, бастапқы бағдарламалық кодтарының (бар болса), лицензиялық бағдарламалық қамтылымының теңшеу кешенінің барлық нұсқаларын есепке алу және сақтау үшін операторға беруді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 2-тaraу 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15. МО-дағы және ЖАО-дағы жұмыс кеңістігі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен "Әкімшілік және тұрғын үй ғимараттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес үйымдастырылады.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16. МО және ЖАО қызметшісінің жұмыс орны оның функционалдық міндеттеріне байланысты жабдықталады және мыналарды қамтиды:

1) МО немесе ЖАО ішкі шеңберінің ЛЖ-сы қосылған жұмыс станциясы немесе үйлестірілген жұмыс орны не терминалды жүйе. Қажет болған кезде жұмыс орнын қосымша монитормен жабдықтауға жол беріледі;

2) қажет болған кезде мультимедиялық ЭАР немесе бейне-конференциялық байланыс жүйесімен жұмыс істеуге арналған мультимедиялық жабдық (құлаққаптар, микрофон мен веб-камера) жиынтығы;

3) телефон байланысы немесе IP-телефония аппараты.

17. МО-ның және ЖАО-ның біріздендірілген жұмыс орнына немесе терминалды жүйесіне, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің компоненттеріне қойылатын талаптарды уәкілетті орган бекітеді.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17-1. МО-ның және ЖАО-ның жұмыс орнының немесе терминалды жүйесінің уәкілетті орган бекіткен МО-ның және ЖАО-ның үйлестірілген жұмыс орнына немесе терминалды жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес болуы қамтамасыз етіледі.

Талаптар қажеттілігіне қарай жаңартылады және өзектілендіріледі.

**Ескерту. Талаптар 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

18. Жұмыс станцияларының сатып алынатын үлгілерін таңдау кезінде мынадай ережелерді басшылыққа алу қажет:

1) жұмыс станцияларының аппараттық сипаттамалары пайдаланатын БҚ әзірлеуші (өндіруші) ұсынатын жүйелік талаптарға сәйкес не олардан артық;

2) көрсетілетін қызметтердің жалпы деңгейін қамтамасыз ету үшін жұмыс станцияларының конфигурациялары біріздендіріледі;

3) жұмыс станциялары үшін БҚ жаңартуларын орталықтандырылып автоматтандырылған тарату ұйымдастырылады;

4) әкімшілendірудің сапасы мен жылдамдығын арттыру үшін жұмыс станцияларының әртүрлі аппараттық-бағдарламалық конфигурацияларының саны үш түрімен шектеледі:

қолданбалы БҚ-мен жұмыс істеуге арналған жұмыс станциясы;

графикалық пакеттермен, үлгілеудің БҚ пакеттерімен және өзгелермен жұмыс істеуге арналған қуаты жоғары жұмыс станциясы. Графикасы дамыған, процессордың өнімділігіне, жедел жады және кіші бейнежүйелерінің көлеміне қойылатын талаптары жоғары қосымшалар үшін қолданылады;

мобиЛЬДІК пайдаланушылардың жұмысына арналған ноутбук.

19. Техникалық талаптардың ерекшелігі үшін жұмыс станцияларының мынадай басты параметрлері бөлінеді:

1) мыналарды қамтитын өнімділік:

процессордың тез әрекет ету параметрлері;

жедел жадының қажетті көлемі;

деректер таратудың ішкі шиналарының жылдамдығы;

графикалық кіші жүйенің тез әрекет етуі;

енгізу/шығару құрылғыларының тез әрекет етуі;

монитор матрицасының параметрлері;

2) тұрақты бас тартылған аппараттық құралдар мен БК пайдалану есебінен қамтамасыз етілетін және үздіксіз жұмыс істеуінің орташа уақытын ескере отырып анықталатын сенімділік;

3) мыналарды:

процессорлардың саны мен өнімділігін;

жедел және сыртқы жады көлемін;

кіріктірілген жинақтағыштардың сыйымдылығын арттыру мүмкіндігі есебінен дербес компьютердің архитектурасымен және құрылымымен қамтамасыз етілетін ауқымдау.

20. АҚ-ны қамтамасыз ету үшін:

1) АҚ ТҚ-да:

МО немесе ЖАО қызметшілерінің жұмыс станцияларын орнату тәсілдері;

электрмен жабдықтау жүйесіндегі істен шығулардан және коммуналдық қызметтер жұмысындағы кідірулерден туындастын басқа да бұзылулардан жұмыс станцияларын қорғау тәсілдері;

үздіксіз қолжетімділігін және тұтастығын қамтамасыз ету үшін жұмыс станцияларына техникалық қызмет көрсету рәсімдері мен мерзімділігі;

түрлі сыртқы тәуекелдерді ескере отырып, МО-дан немесе ЖАО-дан тыс орналасқан мобиЛЬДІК пайдаланушылардың жұмыс станцияларын қорғау тәсілдері;

жұмыс станцияларын екінші рет пайдаланған немесе ақпаратты тасығыштарды пайдаланудан шығарған кезде ақпаратты кепілдікті жою тәсілдері;

жұмыс станцияларын жұмыс орнынан тыс шығару қагидалары айқындалады;

2) тұрақты негізде конфигурацияларын, сондай-ақ бірегей сәйкестендіруші деректері бар электрондық ақпарат тасығыштарды тексере отырып, жұмыс станцияларын есепке алу жүргізіледі;

3) жұмыс станцияларында ішкі шеңбердің ЛЖ-сында сырттан қашықтықтан басқарудың бағдарламалық немесе аппараттық құралдарын орнатуға және қолдануға жол берілмейді. Ишкі шеңбердің ЛЖ-сында қашықтықтан ішкі басқаруға МО немесе ЖАО құқықтық актісінде тікелей көзделген жағдайларда жол беріледі;

4) АҚ бөлімшелері қызметшілерінің жұмыс станцияларын қоспағанда, МО және ЖАО қызметшілерінің жұмыс станциялары мен мобиЛЬДІК компьютерлеріндегі қолданылмайтын енгізу-шығару порттары ажыратылады немесе бұғатталады.

**Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

21. МО және ЖАО қызметшілерінің жұмыс станцияларындағы сыртқы электрондық тасығыштарды қолдану арқылы ақпаратты енгізу-шығару операциялары мәселесі МО немесе ЖАО қабылдаған АҚ саясатына сәйкес реттеледі.

22. МО және ЖАО қызметшісінің жұмыс орнындағы жабдықты орналастыруды оңтайландыру мақсатында бірнеше жұмыс станциясы үшін желілік интерфейстерді қолданусыз монитордың, қол манипуляторы (тінтуір) мен клавиатураның бір бірлігін пайдалануды қамтамасыз ететін арнайы жабдықты пайдалануға жол беріледі.

23. ЭУ АКП сервистерін пайдалану үшін МО немесе ЖАО ішкі шеңберінің ЛЖ-сына қосылған жұмыс станциясы ЭУ АКП инфрақұрылымына желілік қосылумен қамтамасыз етіледі.

24. МО мен ЖАО-ның қызметтік ақпаратын өндеу және сақтау МО немесе ЖАО ішкі шеңбері мен сыртқы шеңберінің ЖЖ-сына қосылған жұмыс станцияларында жүзеге асырылады.

МО мен ЖАО-ның қолжетімділік шектелген қызметтік ақпараты МО немесе ЖАО ішкі шеңберінің ЖЖ-сына қосылған және Интернетке қосылмаған жұмыс станцияларында өнделеді.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

25. МО және ЖАО қызметшілеріне Интернетке қолжетімділік МО және ЖАО сыртқы шеңберінің ЖЖ-не қосылған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес айқындалатын режимдік үй-жайлардан тыс орналасқан жұмыс станцияларынан беріледі.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

25-1. Сыртқы шеңбердің локальдық желілерінен интернетке қолжетімділікті ұйымдастырған кезде міндетті түрде вирустарға қарсы құралдардың болуы, интернет желісіне қосылған жұмыс станцияларындағы операциялық жүйелердің жаңартылуы қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. Талаптар 25-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## 26. Телефон байланысының сервисі:

1) ортақ пайдаланудағы цифрлық телефон желілерінің базасымен қатар IP-телефония технологияларын пайдаланумен де іске асырылады;

### 2) пайдаланушыны:

абоненттерді ішкі және сыртқы шеңбердің қолданыстағы локальдық есептеу желісі мен ведомстволық деректерді беру желісі арқылы қосуды қолдану;

ортақ пайдаланудағы телефон байланысы операторының байланыс қызметтерін Е1 ағыны бойынша пайдалану;

ұялы байланыс операторларын пайдалану;

қалааралық және халықаралық қонырау шалу қызметін пайдалану арналары арқылы телефон желісі абоненттерімен қосуды қамтамасыз етеді.

## 27. Конференциялар, тұсаукесерлер, мәжілістер, телекөпірлер өткізу үшін МО және ЖАО конференц-залы:

1) қатысушы орнында микрофон, дауыс күшейткіш және сұрау салу мен қатысушының сөз сөйлеуінің жарық индикаторын орналастыруды қамтитын дауыс күшейткіш конференц-жүйесімен;

### 2) ақпаратты жүктеу-көшіру құрылғысымен жарақталады.

Басқа қалалардағы немесе елдердегі географиялық бөлінген қатысушылармен "телекөпір" үйымдастыру үшін конференц-жүйе қажеттілігіне байланысты ЭУ АКИ операторының аудио және бейнеконференцбайланыс жүйесімен толықтырылады.

## 28. Басып шығару сервисі:

1) МО ішкі шеңберінің локальдық желісіне желілік интерфейсті немесе басып шығару серверіне тікелей қосылуды пайдалана қосылған басып шығару, көшіру және сканерлеу жабдықтары арқылы іске асырылады;

### 2) мыналарды:

пайдаланушылар мен құрылғыларды орталықтан басқаруды;

шығындарды бөлімшелер мен пайдаланушылар арасында бөлу мүмкіндігімен пайдаланушылардың сәйкестендіру нөмірлері бойынша басып шығарылатын құжаттарды, сондай-ақ электрондық пошта арқылы жіберілген көшірмелерді, факттарды және сканерлеулерді есепке алууды;

басып шығару, көшіру және сканерлеу белсенділігін графикалық бейнелейтін есептер жүйесін;

пайдаланушыны басып шығару сервисін пайдалануды бастағанға дейін сәйкестендіруді;

АҚ ТҚ-да регламентtelген әдістермен МО қызметшісін басып шығару құрылғысында авторлауды;

басып шығарылған құжаттарды қолжетімді басу құрылғысынан алу мүмкіндігімен басып шығарудың бірыңғай кезегі арқылы басуды жүзеге асыратын басу кезегін қалыптастыруды іске асыратын бағдарламалық қамтылыммен қамтамасыз етіледі.

## **2-параграф. Ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

29. МО-да, ЖАО-да немесе ұйымда АҚ ұйымдастыру, қамтамасыз ету және басқару кезінде "Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпаратты қорғауды басқару құралдары бойынша ережелер жинағы" Қазақстан Республикасының ҚР СТ ISO/IEC 27005-2015 стандартының ережелерін басшылыққа алу қажет.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

29-1. Елдің қорғанысы мен мемлекет қауіпсіздігі үшін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын іске асыру мақсатында Заңға және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы заңнамасына сәйкес БҚ мен электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінен тауар мен ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызмет түрінде сатып алу жүзеге асырылады.

Заңның 7-бабының 7-тармағына сәйкес электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган бекіткен Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімнің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына, сондай-ақ бағдарламалық қамтылымды және электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне енгізу жөніндегі өлшемшарттарға сәйкес сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімін электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

Бұл ретте сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінде қажетті өнім болмаған жағдайда оны Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы заңнамасына сәйкес сатып алуға жол беріледі.

Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтылымның меншік иелері мен иеленушілері бастапқы бағдарламалық кодтарды есепке алу және сақтау үшін операторға беруді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. Талаптар 29-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

30. АҚ қамтамасыз ету саласындағы жауапкершіліктің және функциялардың аражігін ажырату мақсатында ақпараттандыру объектілерін құру, сүйемелдеу және дамыту мәселелерімен айналысатын басқа құрылымдық бөлімшелерден оқшау құрылымдық бөлімше болып табылатын АҚ бөлімшесі құрылады немесе АҚ-ны қамтамасыз етуге жауапты лауазымды адам белгіленеді.

АҚ қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлер АҚ қамтамасыз ету саласында сертификат берілетін мамандандырылған курсардан кемінде үш жылда бір рет өтеді.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

31. АҚ ТҚ өз қызметінде МО, ЖАО немесе ұйым басшылыққа алатын құжатталған қағидалардың, рәсімдердің, практикалық тәсілдердің немесе басшылық қағидаттарының төрт деңгейлі жүйесі түрінде құрылады.

АҚ ТҚ қазақ және орыс тілдерінде әзірленеді, МО-ның, ЖАО-ның немесе ұйымның құқықтық актісімен бекітіледі және МО, ЖАО барлық қызметшілерінің немесе ұйым қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

АҚ ТҚ ондағы ақпаратты талдау және өзектілендіру мақсатында кемінде екі жылда бір рет қайта қаралады.

**Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

32. МО-ның, ЖАО-ның немесе ұйымның АҚ саясаты бірінші деңгейдегі құжат болып табылады және МО немесе ұйым күнделікті қызметінде басшылыққа алатын АҚ-ны қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарды, міндеттерді, басшылық қағидаттары мен практикалық тәсілдерді айқындайды.

32-1. АҚ саясатының талаптарын нақтылайтын қаржы ұйымының ішкі құжаттарының тізбесі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қаржы ұйымдарының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалады.

**Ескерту. Талаптар 32-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

33. Екінші деңгейдегі құжаттар тізбесіне МО-ның, ЖАО-ның немесе ұйымның АҚ саясатының талаптарын нақтылайтын құжаттар кіреді, соның ішінде:

- 1) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау әдістемесі;
- 2) ақпаратты өндеу құралдарымен байланысты активтерді сәйкестендіру, жіктеу және таңбалалау қағидалары;

3) ақпаратты өндеу құралдарымен байланысты активтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар;

4) есептеу техникасы құралдарын, телекоммуникация жабдығын және бағдарламалық қамтылымды түгендеу мен паспорттау қағидалары;

5) ішкі АҚ аудитін жүргізу қағидалары;

6) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалану тәртібі;

7) электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығының аражігін ажырату қағидалары;

8) Интернет желісі мен электрондық поштаны пайдалану қағидалары;

9) аутентификациялау рәсімін ұйымдастыру қағидалары;

10) вирусқа қарсы бақылауды ұйымдастыру қағидалары;

11) мобиЛЬДІК қондырғыларды және ақпаратты тасығыштарды пайдалану қағидалары;

12) ақпаратты өндеу құралдарын нақты қорғауды және ақпараттық ресурстардың қауіпсіз қызмет ету ортасын ұйымдастыру қағидалары.

34. Үшінші деңгейдегі құжаттар АҚ-ны қамтамасыз ету процестері мен рәсімдерінің сипаттамаларын қамтиды, соның ішінде:

1) АҚ қатерлері (тәуекелдері) каталогы;

2) АҚ қатерлерін (тәуекелдерін) өндеу жоспары;

3) ақпаратты резервтік көшіру және қалпына келтіру регламенті;

4) ақпаратты өндеу құралдарымен байланысты активтердің үздіксіз жұмысын және жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруді қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары;

5) әкімшінің ақпараттандыру объектісін сүйемелдеу жөніндегі басшылығы;

6) пайдаланушылардың АҚ инциденттеріне ден қою және штаттан тыс (дағдарысты) жағдайларда әрекет ету бойынша іс-қимыл тәртібі туралы нұсқаулық.

35. Төртінші деңгейдегі құжаттар тізбесі орындалған рәсімдер мен жұмыстарды тіркеу және растау үшін пайдаланылатын жұмыс нысандарын, журналдарды, өтінімдерді, хаттамаларды және электрондық құжаттарды қоса алғанда, басқа да құжаттарды қамтиды, соның ішінде:

1) АҚ инциденттерін тіркеу және штаттан тыс оқиғаларды есепке алу журналы;

2) серверлік үй-жайларға кіру журналы;

3) желілік ресурстардың осалдықтарын бағалауды жүргізу туралы есеп;

4) кабельдік қосылуларды есепке алу журналы;

5) резервтік көшірмелерді (резервтік көшірме, қайта қалпына келтіру), резервтік көшірмелерді тестілеуді есепке алу журналы;

6) жабдық конфигурациясының өзгеруін есепке алу, АЖ ЕБҚ мен ҚБҚ тестілеу және өзгерістерді есепке алу, БҚ осалдықтарын тіркеу және жою журналы;

7) серверлік үй-жайларға арналған дизель-генераторлық қондырғыларды және үздіксіз қуат беру көздерін тестілеу журналы;

8) серверлік үй-жайлардың микроклиматын, бейнебақылауды, өрт сөндіруді қамтамасыз ету жүйелерін тестілеу журналы.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

36. Активтерді қорғауды қамтамасыз ету үшін:

1) активтерді түгендеу;

2) активтерді МО-да, ЖАО-да қабылданған сыныптау жүйесіне сәйкес сыныптау және таңбалау;

3) активтерді лауазымды тұлғаларға бекіту мен активтердің АҚ-сын басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін олардың жауапкершілік көлемін белгілеу;

4) АҚ ТК-да:

активтерді қолдану мен қайтару;

активтерді сәйкестендіру, сыныптау мен таңбалау тәртібін реттеу жүргізіледі.

37. МО-да немесе ЖАО-да АҚТ саласындағы тәуекелдерді басқару мақсатында:

1) ҚР СТ 31010-2010 "Тәуекел менеджменті. Тәуекелді бағалау әдістері" Қазақстан Республикасы стандартының ұсынымдарына сәйкес тәуекелдерді бағалау әдісін таңдау және тәуекелдерді талдау рәсімдерін әзірлеу;

2) сәйкестендірілген және сыныпталған активтердің тізбесіне қатысты тәуекелдерді сәйкестендіру жүзеге асырылады, ол мыналарды қамтиды:

АҚ қатерлерін және олардың көздерін айқындау;

қатерлердің іске асырылуына әкеп соғуы мүмкін осалдықтарды айқындау;

ақпараттың таралу арналарын анықтау;

бұзушы моделін қалыптастыру;

3) сәйкестендірілген тәуекелдерді қабылдау өлшемшарттарын таңдау;

4) ҚР СТ ISO/IEC 27005-2013 "Ақпараттық технологиялар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі менеджменті" Қазақстан Республикасы стандартының талаптарына сәйкес сәйкестендірілген тәуекелдерді бағалауды (қайта бағалауды) қамтитын АҚ қатерлері (тәуекелдері) каталогын қалыптастыру;

5) АҚ қатерлерін (тәуекелдерін) бейтараптандыру немесе төмендету жөніндегі іс-шараларды қамтитын оларды өңдеу жоспарын әзірлеу және бекіту жүзеге асырылады.

**Ескерту. 37-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

38. МО-да, ЖАО-да немесе ұйымда АҚ-ның бұзылу оқиғаларын бақылау мақсатында:

1) АҚ-ны бұзуга байланысты оқиғалар мониторингі мен мониторинг нәтижелерін талдау жүргізіледі;

2) АҚ-ның жай-күйіне байланысты оқиғалар тіркеліп, оқиғалар журналдарын, соның ішінде:

операциялық жүйелердің оқиғалар журналдарын;

дереккорларды басқару жүйелерінің оқиғалар журналдарын;

вирусқа қарсы қорғау оқиғаларының журналдарын;

қолданбалы БҚ оқиғалар журналдарын;

телеқоммуникациялық жабдықтың оқиғалар журналдарын;

шабуылдарды анықтау және алдын алу жүйелерінің оқиғалар журналдарын;

контентті басқару жүйесі оқиғаларының журналын талдау арқылы бұзушылықтар анықталады;

3) оқиғаларды тіркеу журналдарындағы уақытты уақыт көзінің инфрақұрылымымен үйлесімді ету қамтамасыз етіледі;

4) оқиғаларды тіркеу журналдары АҚ ТҚ-да көрсетілген, бірақ үш жылдан кем емес мерзім бойы сақталады және кем дегенде екі ай жедел қолжетімді болады;

5) Заңның 7-1-бабының 7) тармағына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша бекітетін "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізу қағидаларында айқындалатын форматтар мен жазба түрлеріне сәйкес оқиғаларды тіркеу журналдары жүргізіледі;

6) оқиғаларды тіркеу журналдарын араласудан және авторланбаған қолжетімділіктен қорғау қамтамасыз етіледі. Жүйе әкімшілеріне журналдарды өзгертуге, жоюға және ажыратуға өкілеттік беруге жол берілмейді. Құпия АЖ үшін журналдардың резервтік қоймасын құру және оны жүргізу талап етіледі;

7) АҚ инциденттері туралы хабардар етудің және АҚ-ның инциденттеріне әрекет етудің формальді рәсімін енгізу қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

39. МО-ның, ЖАО-ның немесе ұйымның өте маңызды процестерін ішкі және сыртқы қатерлерден қорғау мақсатында:

1) ақпаратты өндеу құралдарымен байланысты активтер жұмысының үздіксіздігін және жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді, тестілеуден өтеді және іске асырылады;

2) пайдаланушылардың АҚ инциденттеріне және штаттан тыс (дағдарысты) жағдайларда әрекет етуі бойынша іс-қымыл тәртібі туралы нұсқаулық МО, ЖАО қызметшілерінің немесе ұйым жұмыскерлерінің назарына жеткізіледі.

Ақпаратты өндөу құралдарымен байланысты активтер жұмысының үздіксіздігін және жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары үнемі өзектілендіруге жатады.

40. МО, ЖАО қызметшілерінің немесе ұйым жұмыскерлерінің АҚ-ны қамтамасыз ету бойынша функционалдық міндеттері мен АҚ ТК талаптарын орындау бойынша міндеттемелері лауазымдық нұсқаулықтарға және (немесе) еңбек шартының талаптарына енгізіледі.

Еңбек шарты аяқталғаннан кейін қүшінде болатын АҚ-ны қамтамасыз ету саласындағы міндеттемелер МО, ЖАО қызметшілерінің немесе ұйым жұмыскерлерінің еңбек шартында белгіленеді.

41. ЭАР, АЖ, АКИ ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бөгде ұйымдарды тартқан жағдайда олардың иесі немесе иеленушісі аталған объектілермен жұмыс істей, оларға қол жеткізу немесе пайдалану шарттары, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін жауапкершілігі белгіленетін келісімдер жасайды.

42. АҚ-ны қамтамасыз ету саласында міндеттемелері бар МО, ЖАО қызметшілерін немесе ұйым жұмыскерлерін жұмыстан босатқан кездегі рәсімдердің мазмұны АҚ ТК-да белгіленеді.

43. Жұмыстан босатылған немесе еңбек шарты талаптарына өзгерістер енгізілген кезде МО, ЖАО қызметшісінің немесе ұйым қызметкерінің жеке және логикалық қолжетімділікті, қол жеткізу, қол қою сәйкестендіргіштерін және оны МО, ЖАО жұмыс істейтін қызметшісі немесе ұйым жұмыскері ретінде сәйкестендіретін құжаттаманы қамтитын ақпаратқа және ақпаратты өндөу құралдарына қол жеткізу құқықтары оның еңбек шарты тоқтатылғаннан кейін жойылады немесе еңбек шартының талаптарына өзгерістер енгізілген кезде өзгеріледі.

**Ескеरту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

44. Кадр қызметі МО, ЖАО қызметшілерін немесе ұйым жұмыскерлерін ақпараттандыру және АҚ-ны қамтамасыз ету саласында оқытууды ұйымдастырады және есебін жүргізеді.

45. Заңның 7-бабының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен ақпараттандыру объектілерінің сыныптауышына (бұдан әрі – сыныптауыш) сәйкес бірінші және екінші сыныптағы ақпараттандыру объектілерін, сондай-ақ құпия АЖ құруға және дамытуға бастама жасалған кезде ҚР СТ ISO/IEC 15408-2017 "Ақпараттық технологиялар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық технологиялардың қауіпсіздігін бағалау өлшемшарттары"

Қазақстан Республикасы стандартының талаптарына сәйкес құрамдас компоненттерге арналған қорғау профильдері мен қауіпсіздік жөніндегі тапсырма әзірленеді.

**Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

46. Ақпараттандыру объектілерін пайдалану кезінде АҚ қамтамасыз ету мақсатында :

- 1) аутентификация тәсілдеріне;
- 2) қолданылатын АКҚҚ-ға;

3) қолжетімділікті және істен шығуының болмаушылығын қамтамасыз ету тәсілдеріне;

4) АҚ-ны қамтамасыз ету, қорғауды және қауіпсіз жұмыс істеуі мониторингіне;

5) АҚ қамтамасыз ету құралдары мен жүйелерін қолдануға;

6) куәландыруши орталықтардың тіркеу куәліктеріне қойылатын талаптар белгіленеді.

**Ескерту. 46-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

46-1. "Электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілері қол қою үшін "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітін Куәландыруши орталықтарды аккредиттеу туралы куәлікті беру және кері қайтарып алу қағидаларына сәйкес аккредиттелген куәландыруши орталықтардың тіркеу куәліктерін пайдаланады.

**Ескерту. 2-тaraу 46-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

47. Сыныптауышқа сәйкес бірінші және екінші сыныптағы ақпараттандыру объектілеріне қол жеткізу кезінде көп факторлы, соның ішінде ЭЦҚ пайдаланыла отырып аутентификация қолданылады.

**Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

48. Құпия АЖ, құпия ЭАР және қолжетімділігі шектелген дербес деректерді қамтитын ЭАР қызметтік ақпаратын қорғау мақсатында ҚР СТ 1073-2007 "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары. Жалпы техникалық талаптар" Қазақстан Республикасының стандартына сәйкес АКҚҚ-ға қойылатын талаптарға сәйкес келетін мынадай параметрлері бар:

бірінші сыныптағы ақпараттандыру объектілері үшін сыныптауышқа сәйкес – үшінші қауіпсіздік деңгейінің;

екінші сыныптағы ақпараттандыру объектілері үшін сыныптауышқа сәйкес – екінші қауіпсіздік деңгейінің;

үшінші сыныптағы ақпараттандыру объектілері үшін сыныптауышқа сәйкес – бірінші қауіпсіздік деңгейінің АҚҚҚ (бағдарламалық және аппараттық) қолданылады.

49. Қолжетімділікті және істен шығуының болмаушылығын қамтамасыз ету үшін ЭҮ ақпараттандыру объектілерінің иелері:

1) сыныптауышқа сәйкес бірінші және екінші сыныптағы ЭҮ ақпараттандыру объектілеріне арналған меншікті немесе жалға алынған резервті серверлік үй-жайдың болуын;

2) аппараттық-бағдарламалық деректерді өңдеу құралдарын, деректерді сақтау жүйелерін, деректерді сақтау желілерінің компоненттері мен деректерді беру арналарын, соның ішінде сыныптауышқа сәйкес:

бірінші сыныптағы ЭҮ ақпараттандыру объектілерін – резервтік серверлік үй-жайда жүктемемен (жедел);

екінші сыныптағы ЭҮ ақпараттандыру объектілерін – резервтік серверлік үй-жайда жүктемесіз (іске қосылмаған);

үшінші сыныптағы ЭҮ ақпараттандыру объектілерін – негізгі серверлік үй-жайға жақын орналасқан қоймада сақтаумен резервтеуді қамтамасыз етеді.

49-1. "Электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау Заңың 7-бабының 13) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен "Электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес және қорғау бейінімен айқындалатын әрі мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігі жөніндегі бірлескен жұмыстар шартымен ресімделетін ақпараттық қауіпсіздік талаптары сақталған кезде жүзеге асырылады және :

1) бірыңғай интеграциялық ортаны – ақпараттандыру объектілерінің ведомствоаралық және ведомстволық ақпараттық өзара іс-қимылдының технологиялық мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге;

2) бір реттік интеграцияны – "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерінің өзара іс-қимыл жүйесіне бір мәрте қосылуын және ақпаратты беру мен алу кезінде қаржы және уақыт шығасыларын азайту үшін кейіннен көп мәрте пайдалануды қамтамасыз етуге;

3) бірыңғай ақпараттық кеңістікті – деректерді берудің стандартты форматтарын қолдану негізінде берген кезде деректердің үйлесімділігі мен салыстырылуын қамтамасыз етуге негізделеді.

**Ескерту. 2-тaraу 49-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

50. Сыныптаушық сәйкес бірінші және екінші сыныптағы ЭУ ақпараттандыру объектілері оларды өндірістік пайдалануға енгізгеннен кейін бір жылдан кешіктірмей АҚ-ны қамтамасыз ету, қорғауды және қауіпсіз жұмыс істеуі мониторингі жүйесіне қосылады.

50-1. Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға және мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің меншік иелері немесе иеленушілері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланғанға дейін ақпараттық қауіпсіздіктің меншікті жедел орталығын құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді немесе ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығы көрсететін қызметтерді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардан сатып алады, сондай-ақ оның Ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің меншік иелері ақпараттық қауіпсіздіктің меншікті жедел орталығын құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді немесе ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығы көрсететін қызметтерді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардан сатып алады.

Мемлекеттік органдарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, мемлекеттік занды тұлғаларды, квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің меншік иелері немесе иеленушілері ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің тізбесіне енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде ақпараттық қауіпсіздіктің меншікті жедел орталығын құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді немесе ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығы көрсететін қызметтерді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардан сатып алады, сондай-ақ оның Ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

**Ескерту. Талаптар 50-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

50-2. Бірыңғай интеграциялық орта мынадай талаптардың орындалуына негізделеді:

1) сервистік-бағытталған архитектураға сәйкес бірыңғай интеграциялық ортага интеграциялауды жүзеге асыру;

2) бірнеше мемлекеттің ақпараттандыру обьектілерінің мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылын Қазақстан Республикасының ұлттық шлюзі арқылы жүзеге асыру;

3) деректерді иеленушілердің бастамасымен немесе олардың атынан мемлекеттік функцияларды іске асырудың және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті процестерімен ұштастыру арқылы деректерді жасауды, өзгертуді және жоюды жүзеге асыру;

4) өзара іс-қимыл жасаушы тараптардың бір мәнді сәйкестендірілуін және өзара іс-қимыл жасау кезіндегі олардың құқықтарының көлемін қамтамасыз етуде бірыңғай тәсілдер мен стандарттарды қолдану;

5) "электрондық үкімет" ақпараттандыру обьектілері арасындағы синхронды өзара іс-қимылды басым түрде жүзеге асыру;

6) ақпараттық өзара іс-қимыл жасау және мемлекеттік қызметтер көрсету процесінде электрондық құжаттарды сақтау қоймасынан және "электрондық үкімет" шлюзінің нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесінен алғынған мәліметтерді пайдалануды қамтамасыз ету;

7) ақпараттық өзара іс-қимыл шенберінде жүзеге асырылатын барлық іс-қимылдар мен операциялардың күнін, уақытын, мазмұнын және оларға қатысушыларды, сондай-ақ ақпараттық өзара іс-қимыл тарихын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін мәліметтерді тіркеуді қамтамасыз ету;

8) ұйымдарда сақталатын деректерге қол жеткізу үшін техникалық мүмкіндікті қамтамасыз ету;

9) сұратуға және берілетін деректерге ЭЦҚ-мен қол қою арқылы ақпараттық өзара іс-қимылдың заңдылығы мен тұтастырын қамтамасыз ету.

**Ескерту. 2-тарау 50-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

51. МО, ЖАО немесе ұйым:

пайдаланушылар мен персоналдың іс-қимылы;

ақпаратты өндеу құралдарын қолдану мониторингін жүзеге асырады.

**Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

51-1. Бір реттік интеграция мынадай талаптардың орындалуына негізделеді:

1) "электрондық үкімет" шлюзінде жарияланған ақпараттық өзара іс-қимылдың әмбебап сервистерінің жинағы негізінде ақпараттандыру обьектілерінің функционалдық мүмкіндіктері мен ЭАР (деректер) интеграциясын жүзеге асыру және оларға қолжетімділікті ұсыну;

2) ақпараттық өзара іс-қимыл сервистерін "электрондық үкімет" шлюзінің сервистері тізіліміне енгізу жолымен олардың көп мәрте пайдаланылуын қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасында пайдаланылатын деректерді берудің стандартты технологиялары, форматтары мен хаттамалары негізінде ақпараттық өзара іс-қимыл сервистерін құруды қамтамасыз ету;

4) ақпаратты алушылардың қол жеткізу құқықтарын басқара отырып, деректерді бірыңғай виртуалды деректер көзі арқылы тарату;

5) "электрондық үкімет" шлюзі сервистерінің тіркелімінде осындай не ұқсас сервис болмаған жағдайларда ақпараттық өзара іс-қимылдың жаңа сервисін әзірлеуді жүзеге асыру;

6) ақпараттық өзара іс-қимыл сервистері негізінде композиттік сервистерді қалыптастыру үшін техникалық мүмкіндікті қамтамасыз ету;

7) "электрондық үкімет" шлюзіне қосылған "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілерінің жүргізілетін техникалық, экімшілік, ұйымдастыруышлық және өзге де өзгерістеріне қарамастан, "электрондық үкімет" шлюзінің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету;

8) ақпараттық өзара іс-қимыл сервисі интерфейстерінің өзгермейтіндігін қамтамасыз ету жолымен байланысқан барлық ақпарат тұтынушыларды жетілдіру қажеттігінсіз ақпарат берушінің "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектісін тәуелсіз дамыту мүмкіндігін қамтамасыз ету.

**Ескерту. 2-тaraу 51-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

52. МО-да, ЖАО-да немесе ұйымда пайдаланушылар мен персонал іс-қимылдының мониторингін жүзеге асыру шенберінде:

1) пайдаланушылардың аномальді белсенділігі мен қасақана іс-қимылдары айқындалған кезде, мұндай іс-әрекеттер:

сыныптауышқа сәйкес бірінші сыныптағы ЭУ ақпараттандыру объектілері үшін тіркеледі, бұғатталады және әкімшісі жедел хабардар етіледі;

сыныптауышқа сәйкес екінші сыныптағы ЭУ ақпараттандыру объектілері үшін тіркеледі және бұғатталады;

сыныптауышқа сәйкес үшінші сыныптағы ЭУ ақпараттандыру объектілері үшін тіркеледі;

2) қызмет көрсетуші персоналдың іс-қимылдарын АҚ бөлімшесі тіркейді және бақылайды.

**Ескерту. 52-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

52-1. Бірыңғай ақпараттық кеңістіктік деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуына негізделеді, оның ішінде мынадай:

- 1) берілетін деректер мен ақпараттық өзара іс-қимыл сервистері интерфейстерінің синтаксистік, семантикалық және кеңістіктік сәйкестігі арқылы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде деректердің үйлесімділігін қамтамасыз ету;
- 2) эталондық ақпарат көздерін пайдалану арқылы деректердің белгілі бір түрін таратуды және бірнеше көздерден алынған деректер пайдаланылған жағдайда олардың салыстырылуын қамтамасыз ету;
- 3) таратылатын деректерді бір мәнді және бірегей сәйкестендіру;
- 4) ашық деректер порталы арқылы құрылымдалған, машинамен оқылатын және байланысқан форматта жалпыға қолжетімді деректерді тарату;
- 5) деректердің анықтығы мен өзектілігін растау, анық емес деректерді анықтау, сондай-ақ анық емес деректердің анықталу жағдайлары және оны өзектілендіру процесінде жүргізілген өзгерістер туралы ақпараттық өзара іс-қимылдың мүдделі қатысушыларын хабардар ету мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- 6) "электрондық үкімет" шлюзін пайдалана отырып, "электрондық үкімет" ақпараттандыру обьектілерінің өзара іс-қимылы кезінде деректерді ақпарат тұтынушының деректер форматынан ақпаратты берушінің деректер форматына түрлендірудің бірыңғай схемасын пайдалану талаптары ескеріледі.

**Ескерту. 2-тaraу 52-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

53. АҚ оқиғалары мониторингін және оқиғалар журналын талдау нәтижелері бойынша құпиялышты, қолжетімділігі мен тұтастығы үшін өте қатерлі болып сәйкестендірілген АҚ оқиғалары:

- 1) АҚ инциденттері ретінде анықталады;
- 2) АҚ қатерлері (тәуекелдері) каталогында есепке алынады;
- 3) мемлекеттік техникалық қызметтің компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметінде тіркеледі.

53-1. АЖ-да электрондық құжаттарға қол қою функциясы болған жағдайда АЖ пайдаланушының электрондық құжаттың төлнүсқалығын осы АЖ-ны пайдаланбай-ақ, өзіне қолжетімді өзге де тәсілдермен тексеру мүмкіндігін алуы мақсатында АЖ пайдаланушыға пайдаланушы ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжатты да, осындағы электрондық құжаттар куәландырылған барлық ЭЦҚ-мен бірге өзіне қолжетімді өзге де электрондық құжаттарды да АЖ-дан көшіру мүмкіндігі беріледі.

**Ескерту. 2-тaraу 53-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

53-2. АЖ-да электрондық құжаттарға қол қою функциясы болған жағдайда АЖ пайдаланушыға бұрын қол қойылған электрондық құжатты осындай электрондық құжат куәландырылған барлық ЭЦҚ-мен бірге, оның ішінде егер осындай электрондық құжатқа осы АЖ пайдаланылмай қол қойылған болса, АЖ-ға жүктеу мүмкіндігі беріледі.

**Ескерту. 2-тaraу 53-2-tармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

53-3. АЖ-да электрондық құжаттармен жұмыс істеу функциясы болған жағдайда АЖ "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын тексеру қағидаларына сәйкес құжатқа қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін тексеруді жүзеге асырады.

**Ескерту. 2-тaraу 53-3-tармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

53-4. АЖ-да электрондық құжаттармен жұмыс істеу функциясы болған жағдайда электрондық құжаттар АЖ-да электрондық құжаттарды олар куәландырылған барлық ЭЦҚ-мен, уақыт белгілерімен және қол қою сәтінде кері қайтарып алуға (жоюға) болатындығы түрғысынан тіркеу куәліктерін тексерудің мәртебесі туралы ақпаратпен бірге өзгеріссіз түрде электрондық құжатты сақтаудың бүкіл мерзімі ішінде сақталуы тиіс.

**Ескерту. 2-тaraу 53-4-tармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

53-5. АЖ-да электрондық құжаттармен жұмыс істеу функциясы болған жағдайда АЖ осы АЖ жұмыс істейтін куәландыруши орталықтар қолдайтын ЭЦҚ кілттерін сақтау қоймаларының барлық типтерімен жұмысты қолдауы тиіс.

**Ескерту. 2-тaraу 53-5-tармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

54. Ақпараттандыру объектілерін тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде:

зиянды кодты анықтау мен алдын алу;

АҚ инциденттері мен оқиғаларын мониторингтеу және басқару;

басып кіруді анықтау және алдын алу;

ақпараттық инфрақұрылымды мониторингтеу және басқару құралдары мен жүйелері пайдаланылады.

**Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

54-1. МО, ЖАО ақпараттандыру объектілерін және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерін қорғау үшін деректердің тарап кетуін болғызбау жүйелері (DLP) қолданылады.

Бұл ретте:

іс-қимылға жүргізілетін бақылау туралы пайдаланушыны визуалды түрде хабардар ету;

жергілікті желі шегінде деректердің тарап кетуін болғызбау жүйесінің басқару орталығы мен серверлерін орналастыру қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. Талаптар 54-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

55. Қазақстан Республикасы негізгі куәландырушы орталығының тіркеу күәліктері ҚР СТ ИСО/МЭК 14888-1-2006 "Ақпараттық технология. Ақпаратты қорғау әдістері. Қосымшалары бар цифрлық қолтаңбалар. 1-бөлім. Жалпы ережелер", ҚР СТ ИСО/МЭК 14888-3-2006 "Ақпаратты қорғау әдістері. Қосымшалары бар цифрлық қолтаңбалар. 3-бөлім. Сертификатқа негізделген механизмдер", ГОСТ Р ИСО/МЭК 9594-8-98 "Ақпараттық технология. Ашық желілердің өзара байланысы. Анықтамалық. 8-бөлім. Аутентификация негіздері" стандарттарына сәйкес аутентификация мақсаттарында әлемдік БҚ өндірушілер бағдарламалық өнімдерінің сенімді тізімдерінде тануға жатады

56. Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығын қоспағанда, Қазақстан Республикасының куәландырушы орталықтары куәландырушы орталықтарды аккредиттеу қағидаларына сәйкес куәландырушы орталықты аккредиттеу жолымен әлемдік БҚ өндірушілер бағдарламалық өнімдерінің сенімді тізімдерінде танылады.

Қазақстан Республикасының куәландырушы орталықтары шет елдердің аумағында Қазақстан Республикасы азаматтарының ЭЦҚ тексеруді қамтамасыз ету үшін өз тіркеу күәлігін Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапында орналастырады.

56-1. Заңмен қорғалатын құпияны қамтитын деректердің өндейтін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің иесі ақпараттық қауіпсіздікке жылына кемінде бір рет аудит жүргізеді. Екінші деңгейдегі банктердің ақпараттық қауіпсіздігінің аудиті Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. Талаптар 56-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**3-тaraу. Ақпараттандыру объектілеріне қойылатын талаптар**

**1-параграф. Электрондық ақпараттық ресурстарға және Интернет ресурстарға қойылатын талаптар**

**57. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

58. ИР құруға немесе дамытуға қойылатын талаптар ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған техникалық ерекшелікте айқындалады.

59. ИР иесі және (немесе) иеленушісі пайдалануышының кескін тілін таңдау мүмкіндігімен қазақ, орыс және қажет болған жағдайда басқа тілдерде көпшілікке қолжетімді ИР құруды қамтамасыз етеді.

60. ИР құру немесе дамыту ҚР СТ 2190-2012 "Ақпараттық технологиялар. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың интернет-ресурстары. Талаптар", ҚР СТ 2191-2012 "Ақпараттық технологиялар. Интернет-ресурстың мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін қолжетімділігі", ҚР СТ 2192-2012 "Ақпараттық технологиялар. Интернет-ресурс, интернет-портал, интранет-портал. Жалпы сипаттамасы", ҚР СТ 2193-2012 "Ақпараттық технологиялар. МобиЛЬдік веб-қосымшаларды әзірлеудің ұсынылатын тәжірибесі", ҚР СТ 2199-2012 "Ақпараттық технологиялар. Мемлекеттік органдарда веб-қосымшалардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" Қазақстан Республикасы стандарттарының талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

61. МО немесе ЖАО ИР-нда ЭАР дайындау, орналастыру, өзектілендіру уәкілетті орган бекіткен МО ИР ақпараттық толықтыру қағидалары мен олардың мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

62. Орталық атқарушы органның, орталық атқарушы органның құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органның ИР gov.kz. және мем.қаз домендік аймақтарында тіркеледі және МО ИРБП-да орналастырылады.

МО ИРБП ЭУ АКП-да орналастырылады.

62-1. .KZ және (немесе) .ҚАЗ домендік атымен тіркелген интернет-ресурс Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылады.

**Ескерту. Талаптар 62-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

62-2. Интернет-ресурстармен деректерді бериу кезінде Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде .KZ және (немесе) .ҚАЗ домендік аттарын пайдалану қауіпсіздік сертификаттарын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. Талаптар 62-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

63. Орталық атқарушы органның, орталық атқарушы органның құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органның ИР басқаруды, ЭАР орналастыру мен өзектілендіруді оператор ИР иесінің және (немесе) иеленушінің өтінімі негізінде ЭУ АКИ локальдық желісінің сыртқы шенберінен жүзеге асырады.

63-1. МО мен ЖАО АР ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сынақтардың оң нәтижелері бар акт болған жағдайда оларды өнеркәсіптік пайдалануға жол беріледі.

**Ескерту. Талаптар 63-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

64. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

65. МО немесе ЖАО ЭАР пайдаланылмаған кезде оны "Ұлттық архив қоры және архивтеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңында (бұдан әрі – Архив туралы заң) белгіленген тәртіппен архивке беруді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

66. ИР-дің АҚ-сын қамтамасыз ету үшін:

1) домендік атаудың төлнүскәлілігін және АКҚҚ пайдаланылатын байланыс сеансы мазмұнының криптографиялық шифрлануын тексеруге арналған тіркеу күәліктері;

2) мыналарды:

ЭАР-ды орналастыру, өзгерту және жою операцияларын санкциялауды;

ЭАР-ды орналастыру, өзгерту және жою кезінде авторлықты тіркеуді;

жүктелетін ЭАР-ды зиянды кодтың бар болуы тұрғысынан тексеруді;

орындалатын код пен скрипттер қауіпсіздігінің аудитін;

орналастырылған ЭАР тұтастығын бақылауды;

ЭАР-ды өзгерту журналын жүргізуі;

пайдаланушылар мен бағдарламалық роботтардың аномальді белсенделілігін бақылауды орындайтын құрамын (контентті) басқару жүйесі қолданылады.

## **2- параграф. Әзірленетін немесе сатып алынатын қолданбалы бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар**

67. Қолданбалы БҚ-ны әзірлеуге немесе сатып алуға бастамашылық ету кезеңінде Заңың 7-бабының 11) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен ақпараттандыру объектілерін сыныптау қағидаларына және ақпараттандыру объектілерінің сыныптауышына сәйкес БҚ сыныбы айқындалады және жобалау құжаттамасында тіркеледі.

68. Жасалатын немесе дамытылатын қолданбалы АЖ-ның БҚ-на қойылатын талаптар КР СТ 34.015-2002 "Ақпараттық технология. Автоматтандырылған жүйелерге арналған стандарттар кешені. Автоматтандырылған жүйелерді құруға арналған техникалық тапсырма" Қазақстан Республикасы стандартының талаптарына сәйкес жасалатын техникалық тапсырмаларда осы БТ мен Заңың 7-бабының 20) тармақшасына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекітетін "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарau қағидаларында айқындалады.

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – КР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**69. Алып тасталды - КР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**69-1. Алып тасталды - КР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

70. Сатып алынатын қолданбалы БҚ-ға қойылатын талаптар осы БТ-ның талаптарын ескере отырып, ақпараттандыру саласында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың техникалық ерекшеліктерінде айқындалады.

71. Қолданбалы дайын БҚ сатып алу СБӨ басымдылығын ескере отырып, оның сипаттамалары коммерциялық БҚ сипаттамаларымен бірдей болған жағдайда жүзеге асырылады.

72. БҚ әзірлеуге немесе сатып алуға қойылатын талаптарды қалыптастырған кезде ЭАР сыныбы және ЭАР каталогының мәліметтері ескеріледі.

73. Әзірленетін немесе сатып алынатын дайын қолданбалы БҚ:

- 1) пайдаланушы интерфейсін пайдаланушының тіл интерфейсін таңдау мүмкіндігімен, деректерді қазақ, орыс және қажет болған жағдайда басқа тілдерде енгізуі, өндөу мен шығаруды қамтамасыз етеді;
- 2) мынадай талаптарды ескереді:  
сенімділік;

сүйемелденуі;

пайдалану қолайлылығы;

тиімділік;

әмбебаптылық;

функционалдық;

кросс-платформалық;

3) виртуалдау технологиясын көп функционалды қолдауды қамтамасыз етеді;

4) кластерлеуді қолдайды;

5) қазақ және орыс тілдерінде пайдалану жөніндегі техникалық құжаттамамен қамтамасыз етіледі.

74. БҚ жасау және дамыту немесе сатып алу техникалық қолдаумен және сүйемелдеумен қамтамасыз етіледі.

БҚ жоспарлау, жүзеге асыру және техникалық қолдау мен сүйемелдеуді құжаттандыру әзірлеушінің, өнім берушінің ерекшеліктеріне немесе АҚ ТҚ талаптарына сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 74-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

75. Қолданбалы БҚ жасау және дамыту процесі:

1) мыналарды:

алгоритмдердің, бастапқы мәтіндер мен бағдарламалық құралдардың ақпараттық базасын құруды;

бағдарламалық модульдерді сынақтан өткізууді және тестілеуді;

ақпараттық, технологиялық және бағдарламалық үйлесімділікті қамтамасыз ететін АҚ алгоритмдерін, бағдарламалары мен құралдарын типтеуді;

лицензияланған аспаптық әзірлеу құралдарын пайдалануды көздейді;

2) қолданбалы БҚ қабылдаудың мыналарды көздейтін рәсімдерін қамтиды:

әзірлеушінің қолданбалы БҚ құру үшін қажетті бағдарламалардың бастапқы мәтіндері мен басқа объектілерді иесіне және (немесе) иеленушіге беру;

қолданбалы БҚ-ның толығымен жұмысқа қабілетті нұсқасын жасай отырып, берілген бастапқы мәтіндерді бақылауды орнату;

БҚ-ның осы нұсқасы бойынша бақылау үлгісін орындау.

**Ескерту. 75-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

76. БҚ-ның авторланған өзгерістерін және оған қол жеткізу құқықтарын бақылау МО, ЖАО немесе ұйым ақпараттық технологиялар бөлімшесі жұмыскерлерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

77. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

78. АҚ-ны қамтамасыз ету мақсатында:

1) БҚ-ны әзірлеу кезеңінде ҚР МЕМ СТ Р 50739-2006 "Есептеу техникасы құралдары. Ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау. Жалпы техникалық талаптар" Қазақстан Республикасы стандартының ұсынымдары ескеріледі;

2) әзірленетін немесе сатып алынатын қолданбалы БҚ-ға қойылатын талаптар:

пайдаланушыларды, қажет болған кезде ЭЦҚ және тіркеу күеліктерін сәйкестендіру және аутентификациялау;

қолжетімділікті басқару;

тұластықты бақылау;

АҚ-ға ықпал ететін пайдаланушылардың іс-қимылдарын журналға жазу;

онлайн транзакцияларды қорғау;

сақтау, өндеу кезінде құпия АЖ ақпаратын АКҚҚ-ны пайдалана отырып криптографиялық шифрлау;

БҚ-ның өте қатерлі оқиғаларын журналға жазу құралдарын қолдануды көздейді;

3) пайдалану кезінде АҚ ТҚ-да мыналар айқындалады және қолданылады:

серверлерде және жұмыс станцияларында БҚ-ны орнату, жаңарту және жою қағидалары;

жүйелік БҚ өзгертілген жағдайда қолданбалы БҚ өзгерістері мен оны талдауды басқару рәсімдері;

4) лицензияланатын БҚ тек қана лицензия болған жағдайда ғана қолданылады және сатып алынады.

79. БҚ пайдалану заңдылығын бақылау бойынша іс-шаралар АҚ ТҚ-да айқындалады, жылына бір реттен жиі емес жүргізіледі және мыналарды:

нақты пайдаланылатын БҚ айқындауды;

БҚ пайдалануға құқықтарды айқындауды;

нақты пайдаланылатын БҚ мен қолда бар лицензияларды салыстыруды қамтиды.

80. Қолданбалы БҚ "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнүсқалығын тексеру қағидаларына сәйкес ЭЦҚ ашық кілтінің және электрондық құжатқа қол қойған адамның тіркеу күелігінің тиесілілігі мен жарамдылығын растауды тексеруді орындайды.

**Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **3-параграф. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға қойылатын талаптар**

81. АКИ-ға қойылатын талаптар Заңның 1-бабының 25) тармақшасына сәйкес оның құрамына кіретін объектілер ескеріле отырып қалыптастырылады.

82. БТ АКИ-дің мынадай объектілеріне қойылатын талаптарды белгілейді:

- 1) ақпараттық жүйе;
- 2) технологиялық платформа;
- 3) аппараттық-бағдарламалық кешен;
- 4) телекоммуникация желілері;

5) ақпараттық қауіпсіздік және техникалық құралдардың үздіксіз жұмыс істей жүйелері;

6) серверлік үй-жай (деректерді өндеу орталығы).

**Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **4-параграф. Ақпараттық жүйеге қойылатын талаптар**

83. МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ Заңның 39-бабының 1-тармағында айқындалған тәртіппен құрылып дамиды, сондай-ақ Заңның 38-бабының талаптары ескеріледі.

МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сында ЭАР-ды өндеу, сақтау және резервті көшіру құралдарына қойылатын міндettі талаптар Заңның 42-бабында айқындалады.

84. Тәжірибелік пайдалануды бастау алдында әзірлеуші:

- 1) АЖ-ның барлық функционалдық компоненттері үшін тестілер жинағын, тестілеу сценарийлерін және тестілеуді жүргізу үшін сынақ әдістемелерін әзірлейді;
- 2) АЖ стендтік сынақтан өткізуді жүзеге асырады;
- 3) сыныптауышқа сәйкес:

МО немесе ЖАО бірінші сыныптағы АЖ персонаалы үшін міндettі түрде оқытуды;

МО немесе ЖАО екінші сыныптағы АЖ персонаалы үшін бейне,-мультимедиа оқыту материалдарын жасауды;

МО немесе ЖАО үшінші сыныптағы АЖ персонаалы үшін анықтама жүйесін және (немесе) пайдалану жөнінде нұсқаулық жасауды жүзеге асырады.

85. МО немесе ЖАО АЖ тәжірибелік пайдалану мыналарды қамтиды:

тәжірибелік пайдалануды жүргізу рәсімдерін құжаттау;

анықталған ақаулар мен кемшіліктерді кейіннен түзете отырып, оларды онтайландыру және жою;

АЖ тәжірибелік пайдалануды аяқтау актісін ресімдеу;  
тәжірибелік пайдалануды жүргізу мерзімі бір жылдан аспауға тиіс.

**Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

85-1. "Электрондық үкімет" ақпараттандыру объектісін ендіру Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттарға сәйкес іске асырылады.

**Ескерту. Талаптар 85-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

86. АЖ-ны МО-да, ЖАО-да немесе ұйымда өнеркәсіптік пайдалануға енгізу алдында құрылған АЖ немесе АЖ-ның жаңа нұсқалары мен жаңартуларын қабылдау өлшемшарттары айқындалады, келісіледі, құжат жүзінде ресімделеді.

**Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

87. МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ өнеркәсіптік пайдалануға енгізу тәжірибелік пайдалану он аяқталған, АҚ талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сынақтан өткізудің он нәтижелері бар акт болған және уәкілетті органның, мүдделі МО, ЖАО және ұйымдардың өкілдері қатысатын қабылдау комиссиясы АЖ-ны өнеркәсіптік пайдалануға енгізу туралы актісіне қол қойған жағдайда техникалық құжаттама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

87-1. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестік тұрғысынан сынақтар Заның 49-бабына сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. Талаптар 87-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

88. Әзірленген БҚ-ны, бастапқы бағдарламалық кодтарды (болған кезде), МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сының лицензияланған БҚ-ның теңшеу кешенін есепке алу және сақтау үшін "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторына ұсыну міндетті болып табылады және уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Бастапқы бағдарламалық кодтарды, бағдарламалық өнімдерді және БҚ түрлендіру, жариялау және (немесе) пайдалану оның иесінің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

89. МО немесе ЖАО АЖ өнеркәсіптік пайдалану кезінде:

1) іркіліс болған немесе зақым келген жағдайда ЭАР-дың сақталуы, қорғалуы, қалпына келтірілуі;

- 2) резервтік көшіру және ӘАР-дың уақтылы өзектілендірілуін бақылау;
- 3) МО немесе ЖАО АЖ-ға етініштер туралы мәліметтердің автоматтандырылған есепке алынуы, сақталуы және мезгіл-мезгіл архивтелуі;
- 4) БҚ, серверлік және телекоммуникациялық жабдықтың конфигурациялық баптауларындағы өзгерістерді тіркеу;
- 5) өнімділіктің функционалдық сипаттамаларын бақылау және реттеу;
- 6) АЖ-ны сүйемелдеу;
- 7) АЖ-ның пайдаланылатын лицензиялық БҚ техникалық қолдау;
- 8) кепілді мерзім кезеңінде анықталған АЖ қателері мен кемшіліктерін жоюды қамтитын әзірлеушінің АЖ-ға кепілдікті қызмет көрсетуі (кепілдікті қызмет көрсету АЖ өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген күннен бастап кемінде бір жыл мерзімге қамтамасыз етіледі);
- 9) пайдаланушыларды АЖ-ға қосу, сондай-ақ АЖ-ның өзара іс-қимылдының домендік атауларды пайдалана отырып жүзеге асырылуы;
- 10) жүйелік-техникалық қызмет көрсету;
- 11) мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру және мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде қағаз жеткізгіштегі құжаттардың пайдаланылуын, сондай-ақ оларды ұсыну жөніндегі талаптарды қысқарту (болғызбау) қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

90. МО-ның және ЖАО-ның АЖ-сын, оның ішінде МО-ның немесе ЖАО-ның тәжірибелік пайдалануға енгізілген АЖ-сымен интеграциялау Заңның 43-бабында айқындалған талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік емес АЖ-ны МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сымен интеграциялау Заңның 44-бабында айқындалған талаптарға сәйкес жүзеге асыралады.

90-1. Ақпараттандыру обьектілерінің немесе ақпарат обьектілері компоненттерінің интеграциялық өзара іс-қимыл функцияларын шлюз, интеграциялау шинасы, интеграциялау компоненті немесе интеграциялау модулі арқылы іске асырған кезде:

- 1) сұрау салулардың көздерін (қосылу нұктелерін) тіркеу және зандылығын тексеру;
  - 2) мыналар:
    - паролі немесе ЭЦҚ;
    - қосылу нұктесі;
    - қосылу бұғаттауының болуы;
- интеграциялық өзара іс-қимыл регламентінде айқындалған сұрау салулардың рұқсат етілген түрлері;
- интеграциялық өзара іс-қимыл регламентінде айқындалған сұрау салулардың рұқсат етілген жиілігі;
- сұрау салуларда ақпараттық қауіпсіздікті бұзу белгілерінің болуы;

сигнатуралар бойынша зиянды кодтың болуы бойынша сұрау салулардың зандаудығын тексеру;

3) мынадай:

интеграциялық өзара іс-қимыл регламентінде айқындалған уақыт ішінде қосылу болмаған;

интеграциялық өзара іс-қимыл регламентінде айқындалған уақытта сұрау салулардың рұқсат етілген жиілігінен асырған;

сұрау салуларда ақпараттық қауіпсіздікті бұзу белгілері болған;

интеграциялық өзара іс-қимыл регламентінде айқындалған аутентификация қателерінің санынан асырған;

пайдаланушылардың аномальды белсенділігі айқындалған;

деректер массивтерін көшіру әрекеттері анықталған кезде хабарлама алмасу хаттамаларында бұзушылықтар анықталған кезде қосылуды үзгарттау;

4) интеграциялық өзара іс-қимыл регламентінде айқындалған іс-қимыл жасау уақыты бойынша қосылу парольдерін үнемі ауыстыру;

5) АҚ инциденттері айқындалған кезде қосылу логинін ауыстыру;

6) ішкі шеңбердің ЛЖ арестеуін жасыру;

7) мыналар:

ақпараттық хабарламаларды беру/қабылдау оқиғаларын тіркеу;

файлдарды беру/қабылдау оқиғаларын тіркеу;

қызметтік хабарламаларды беру/қабылдау оқиғаларын тіркеу;

оқиғалар журналдарының мониторингі үшін инциденттерді және АҚ оқиғаларын басқару жүйесін қолдану;

оқиғалар журналдарын АҚ оқиғаларының орын алуды түрфысынан талдау рәсімдерін автоматтандыру;

оқиғалар журналдарын әкімшілерге қарау үшін ғана қолжетімді мамандандырылған логтар серверінде сактау;

оқиғалар журналдарын (қажет болған кезде):

а) ағымдағы тәулік;

б) қосылу (байланыс арнасы);

в) мемлекеттік орган (зандау тұлға);

г) интеграцияланатын ақпараттандыру объектілері бойынша бөлек жүргізу қамтылған оқиғалар журналын жүргізу;

8) интеграцияланатын ақпараттандыру объектілеріне уақытты синхрондау сервисін ұсыну;

9) деректерді беру жүйелері арқылы жүзеге асырылатын қосылударды бағдарламалық-аппараттық криптографиялық қорғау;

10) қосылудар парольдерін шифрланған түрде сактау және беру;

11) интеграцияланатын ақпараттандыру объектілерінің жауапты адамдарын АҚ инциденттері туралы хабарландыруды автоматтандыру қамтамасыз етіледі.

Ескерту. Талаптар 90-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

91. Бөгде ұйымдарды тарта отырып, өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде АЖ-ға кепілдікті қызмет көрсету:

кеңілдікті қызмет көрсетуге арналған келісімдерде АҚ мәселелерін регламенттеуді; кепілдікті қызмет көрсету процесінде АҚТ тәуекелдерін басқаруды талап етеді.

92. МО-ның және ЖАО-ның АЖ-сын бағдарламалық-аппараттық қамтамасыз етуді басқару АЖ иеленушісі ішкі шенберінің ЛЖ жүзеге асырылады.

МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сын және МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сымен интеграцияланатын мемлекеттік емес АЖ-ны бағдарламалық-аппараттық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың шенберінде ұлттық шлюзді пайдалана отырып жүзеге асырылатын мемлекетаралық ақпарат алмасуға байланысты жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылады.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

92-1. МО мен ЖАО-ның АҚ жұмысын ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының аумағында физикалық түрде орналасқан бұлтты сервистерді ( виртуалдау технологиясын пайдалана отырып ресурстарды ұсынатын аппараттық-бағдарламалық кешендер, АЖ), басқару орталықтарын және серверлерді қолдануға жол беріледі.

Ескерту. Талаптар 92-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

92-2. Қазақстан Республикасы азаматтарының дербес деректері қамтылған ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдардың аса маңызды объектілерінің АҚ бағдарламалық-аппараттық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылады.

Ескерту. Талаптар 92-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

92-3. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің меншік иелері мен иеленушілері ақпараттық қауіпсіздіктің жеке жедел орталығын құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігінің жедел орталығының

қызметтерін сатып алады, сондай-ақ оның Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

**Ескерту. Талаптар 92-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

92-4. МО және ЖАО АЖ-ның меншік иелері, иеленушілері және пайдаланушылары ЭАР-ды толықтырып отыруды жүзеге асырады, оның анықтығы мен өзектілігін қамтамасыз етеді.

**Ескерту. Талаптар 92-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

93. МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ меншік иесі немесе иесі АЖ-ны бұдан әрі пайдаланудың қажеттілігі болмаған жағдайда оны пайдалануды тоқтату туралы шешім қабылдайды.

МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сын пайдалануды тоқтату туралы сервистік интеграторды, "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталында жариялау арқылы АЖ-лары МО-ның немесе ЖАО-ның пайдалануынан алынатын АЖ-сымен интеграцияланған ақпараттандыру субъектілерін және осы АЖ-ны пайдаланушы болып табылатын ГО-ны немесе ЖАО-ны хабардар ету қажет.

94. МО немесе ЖАО МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сын пайдаланудан алу жоспарын құрады және оны МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сының пайдаланушысы болып табылатын МО-мен немесе ЖАО-мен келіседі.

95. АЖ пайдаланудан алынғаннан кейін МО немесе ЖАО Архив туралы заңын 18-бабы 1-1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сактау, есепке алу және пайдалану қағидаларына сәйкес пайдаланудан алынған МО немесе ЖАО АЖ электрондық құжаттарын, техникалық құжаттамасын, журналдарын және архивтелген дереккорын ведомстволық архивке тапсырады.

**Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

96. МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сын пайдаланудан алуға өтінім келіп түсken кезде сервистік интегратор МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сын тіркеу туралы электрондық қуәлікті жояды және "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталына тиісті мәліметтер орналастырады.

97. МО-ның немесе ЖАО-ның пайдаланудан алынған АЖ-сын есептен шығару және (немесе) кәдеге жарату Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сын пайдалану тоқтатылған, бірақ МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сы белгіленген тәртіппен есептен шығарылмаған жағдайда, МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сы консервациялауда деп саналады.

МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-сы есептен шығарылғаннан кейін пайдаланылмайды

98. АҚ-ны қамтамасыз ету үшін:

1) стендтік, қабылдау-тапсыру сынақтары мен тестілік пайдалану кезеңдерінде:

бағдарламалардың нақты сыйыптарына арналып өзірленген тестілер кешені негізінде АЖ-ның БҚ-сын тестілеу;

белсенді ақаулардың әсеріне ұқсата отырып, бағдарламаларға экстремалды жүктемелер кезінде (стрес-тестілеу) табиғи сынақтар жүргізу;

ықтимал ақауларды айқындау мақсатында АЖ-ның БҚ-сын тестілеу;

жобалаудағы абайсызда жасалған бағдарламалық қателерді айқындау, өнімділіктің ықтимал проблемаларын айқындау үшін АЖ-ның БҚ-сына стендтік сынақтар жүргізу;

бағдарламалық және аппараттық қамтылымның осалдықтарын айқындау және жою; қорғау құралдарын заңсыз әсерлерден пысықтау жүзеге асырылады;

2) АЖ-ны тәжірибелік пайдалануға енгізу алдында:

жұмыс істеп тұрған АЖ-ларға және ЭҮ АКИ компоненттеріне жаңа

АЖ-ның, әсіресе ең жоғары жүктемелер уақытындағы жағымсыз әсерін бақылауды; ЭҮ АКИ АҚ-сының жай-күйіне жаңа АЖ-ның әсерін талдауды;

персоналды жаңа АЖ-ны пайдалануға дайындауды ұйымдастыруды көздеу талап етіледі;

3) АЖ-ны тәжірибелік немесе өнеркәсіптік пайдалану орталары мен өзірлеу, тестілеу немесе стендтік сынақтан өткізу орталарының аражігін ажырату жүзеге асырылады. Бұл ретте мынадай талаптар іске асырылады:

АЖ-ны өзірлеу фазасынан тестілеу фазасына ауыстыру тіркеледі және құжат жүзінде ресімделеді;

АЖ-ны тестілеу фазасынан тәжірибелік пайдалану фазасына ауыстыру тіркеледі және құжат жүзінде ресімделеді;

АЖ-ны тәжірибелік пайдалану фазасынан өнеркәсіптік пайдалану кезеңіне ауыстыру тіркеледі және құжат жүзінде ресімделеді;

аспаптық өзірлеу құралдары мен АЖ-ның сынақтан өткізу үстіндегі БҚ-сы әртүрлі домендерде орналастырылады;

комиляторлар, редакторлар және басқа аспаптық өзірлеу құралдары пайдалану ортасына орналастырылады немесе пайдалану ортасынан пайдалану үшін қолжетімсіз болады;

АЖ-ны сынақтан өткізу ортасы аппараттық-бағдарламалық қамтылым мен архитектурасы бөлігінде пайдалану ортасына сәйкес келеді;

сынақтан өткізу үстіндегі АЖ-лар үшін өнеркәсіптік пайдаланудағы жүйелерді пайдаланушылардың нақты есеп жазбаларын қолдануға жол берілмейді;

өнеркәсіптік пайдаланудағы АЖ-лардағы деректер сынақтан өткізу ортасына көшірге жатпайды;

4) АЖ-ны пайдаланудан шығарған кезде:

АЖ-дағы ақпаратты архивтеу;

ақпаратты машиналық тасығыштардан деректерді және қалған ақпаратты жою (өшіру) және (немесе) ақпаратты машиналық тасығыштарды жою қамтамасыз етіледі. Ақпаратты сақтау және өндөу жүзеге асырылған ақпаратты машиналық тасығыштарды пайдаланудан шығарған кезде аталған машиналық тасығыштарды тиісті акті ресімдей отырып, физикалық жою жүзеге асырылады.

98-1. АКИ-дің аса маңызды обьектілерінің ақпараттық жүйесіне сондай-ақ IEC/PAS 62443-3- 2017 "Коммуникациялық өнеркәсіптік желілер". Желі мен жүйенің қорғалуы (киберқауіпсіздігі). 3-бөлім. Өнеркәсіптік өлшеу мен басқару процесінің қорғалуы (Киберқауіпсіздігі)" Қазақстан Республикасы стандартының талаптары қолданылады.

**Ескерту. Талаптар 98-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

##### **5-параграф. Технологиялық платформаға қойылатын талаптар**

99. Технологиялық платформаны таңдау виртуалдандыру технологиясын қолдауға мүмкіндік беретін жабдықтың басымдылығын ескере отырып жүзеге асырылады.

**Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

100. Виртуалдау технологиясын іске асыратын жабдықты таңдау кезінде мынадай функционалдықты қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріледі:

1) декомпозиция:

есептеуіш ресурстар виртуалды машиналар арасында бөлінеді;

көптеген қосымшалар мен операциялық жүйелер бір физикалық есептеуіш жүйеде орналастырылады;

2) оқшаулау:

виртуалды машиналар бір-бірінен толығымен оқшауланған, ал біреуінің авариялық істен шығуы қалғанына әсер етпейді;

ортак желілік қосылуларды пайдалану жағдайларын қоспағанда, виртуалды машиналар мен қосымшалардың арасында деректер берілмейді;

3) үйлесімділік:

қосымшалар мен ОЖ-ға виртуалдау технологиясын іске асыратын жабдықтың есептеу ресурстары ұсынылады.

101. ЭҮ АКП МО-ның серверлік орталығында орналасқан жабдықта орналастырылады.

ЭҮ АКП:

көрсетілетін АҚ-қызметтерді оларды басқаруға арналған бірыңғай кіру нүктесімен автоматты түрде ұсынуды;

түрлі технологияларды пайдалана отырып, серверлік жабдықтың есептеу ресурстарын виртуалдауды;

көрсетілетін АҚ-қызметтерінің 98,7% кем емес пайдалану коэффициентімен үздіксіз және іsten шықпай жұмыс істеуін;

пайдаланылатын жабдықтың, телекоммуникация және бағдарламалық қамтылым құралдарымен логикалық және физикалық деңгейлерде бірыңғай іsten шығу нүктесін жоюды;

аппараттық және бағдарламалық деңгейлерде есептеу ресурстарының аражігін ажыратуды қамтамасыз етеді.

Виртуалды инфрақұрылымның сенімділігі виртуалдау технологиясы мен виртуалды ортаны басқару БҚ-сының кіріктірілген құралдарымен қамтамасыз етіледі.

101-1. АКП ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сынақтардың оң нәтижелері бар акт болған жағдайда оны өнеркәсіптік пайдалануға жол беріледі.

Ескерту. Талаптар 101-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

102. Виртуалдау технологиясын пайдалану кезінде АҚ-ны қамтамасыз ету үшін:

1) мыналарды:

көрсетілетін АҚ-қызметтерінің клиенттерін және ерекшеленген пайдаланушыларды аутентификациялауды;

пайдаланушыларды бір технологиялық платформа шегінде федеративтік сәйкестендіруді;

пайдаланушыны сәйкестендіргішті жойғаннан кейін аутентификация туралы ақпаратты сақтауды;

пайдаланушы өкілеттерінің бейіндерін тағайындау рәсімдерін бақылау құралдарын қолдануды талап ететін сәйкестендіруді басқару;

2) мыналарды:

АЖ-ның әкімшісі мен виртуалдау ортасы әкімшісінің өкілеттіктерінің аражігін ажыратуды;

АҚ-қызметтерін пайдаланушиның деректеріне виртуалдау ортасы әкімшісінің қол жеткізу құқығын шектеуді. Қолжетімділік құқығы АҚ ТҚ және қызмет көрсету туралы

сервистік келісімде айқындалған нақты рәсімдермен шектеледі және тұрақты өзектілендірілуі тиіс;

артықшылық берілген және қатерлі операцияларға арналған көп факторлық аутентификацияны қолдануды;

рөлдерді барлық өкілеттіктермен пайдалануды шектеуді. АЖ әкімшісінің бейінін теншеулер виртуалдау ортасының компоненттеріне қолжетімділікті алуға жол бермейді ;

ең төменгі артықшылықтарды айқындауды және қолжетімділікті рөлдік басқару үлгісін іске асыруды;

корғалған шлюз немесе жіберушілердің рұқсат етілген желілік мекенжайларының тізімі арқылы қашықтықтан қол жеткізуі талап ететін қолжетімділікті басқару;

### 3) мыналады:

АКҚ шифрлау кілттері туралы деректерге қолжетімділікті шектеуді бақылауды; негізгі каталогты және кілттерге жазба енгізуі ұйымдастыруды бақылауды;

жария етілген кілттерді бұғаттауды және оларды сенімді жоюды талап ететін шифрлау кілттерін басқару;

### 4) мыналады:

АҚ ТҚ-да айқындалатын рәсімдердің міндеттілігі мен тұрақтылығын;

барлық операциялық жүйелерге, клиенттік виртуалды машиналарға, желілік компоненттердің инфрақұрылымына арналған аудит рәсімдерін жүргізуі;

оқиғаларды тіркеу журналын жүргізуі және әкімшіге қолжетімсіз сақтау жүйесінде сақтауды;

оқиғаларды тіркеу журналын жүргізу жүйесі жұмысының дұрыстығын тексеруді;

оқиғаларды тіркеу журналдарын АҚ ТҚ-да сақтау ұзақтығын айқындауды талап ететін АҚ оқиғалары аудитін жүргізу;

### 5) мыналады:

әкімшілердің іс-кимылын журналға енгізуі;

АҚ инциденттері мен оқиғалар мониторингі жүйесін қолдануды;

қатерлі оқиғаны немесе АҚ инцидентін автоматты тану негізінде хабарландыруды талап ететін АҚ оқиғаларын тіркеу;

### 6) мыналады:

жартылдықта бір рет өзектілендіре отырып, АҚ инциденттерін айқындаудын, анықтаудың, бағалаудың формальді процесін және ден қою тәртібін айқындауды;

АҚ инциденттерін айқындау, анықтау, бағалау және ден қою нәтижелері бойынша АҚ НТҚ-да белгіленген мерзімділікпен есептер құруды;

АҚ инциденттерін туралы МО-ны, ЖАО-ны немесе ұйымның жауапты адамдарын хабардар етуді;

АҚ инциденттерін Мемлекеттік техникалық қызметтің Компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметінде тіркеуді талап ететін АҚ инциденттерін басқару;

**7) мыналарды:**

пайдаланылмайтын жеке құрылғыларды (алмалы-салмалы жинақтағыштарды, желілік интерфейстерді) физикалық ажыратуды немесе бұғаттауды;

пайдаланылмайтын виртуалды құрылғылар мен сервистерді ажыратуды;

мүмкіндігі шектеулі операциялық жүйелер арасындағы өзара іс-қымыл жасау мониторингін;

виртуалды құрылғыларды физикалық құрылғылармен салыстыруды бақылауды;

сертификатталған гипервизорларды пайдалануды жүзеге асыратын виртуалды ортасы инфрақұрылымының аппараттық және бағдарламалық компоненттерін қорғау шараларын қолдану;

8) пайдалану орталары мен әзірлеу және тестілеу орталарының аражігін физикалық ажырату;

9) АҚ ТҚ-да ақпараттандыру объектілеріне арналған өзгерістерді басқару рәсімдерін айқындау;

10) АҚ ТҚ-да жабдықты және БҚ-ны кідірулері мен істен шығулардан кейін қалпына келтіру рәсімдерін белгілеу;

**11) мыналарды:**

виртуалдау машиналарының бейіндерін сақтауды қамтамасыз етуді, операциялық жүйенің, қосымшалардың, желілік конфигурацияның тұтастығын, МО-ның немесе ұйымның БҚ-сын және деректерін зиянды сигнатуралардың бар болуы тұрғысынан бақылауды;

сыртқы пайдаланушылардың аппараттық бөлікке қол жеткізуіне жол бермеу мақсатында виртуалды машинаның аппараттық платформасын операциялық жүйесінен бөлуді;

виртуалдау ортасы инфрақұрылымының түрлі функционалдық салалары арасындағы логикалық оқшаулауды;

АҚ деңгейі бойынша әртүрлі сыныпқа жататын ЭАР мен АЖ виртуалдау орталары арасындағы физикалық оқшаулауды талап ететін желілік жүйелік әкімшілендіру рәсімдерін орындау іске асырылады.

**6-параграф. Аппараттық-бағдарламалық кешенге қойылатын талаптар**

103. АБК-ның серверлік жабдығының конфигурациясына қойылатын талаптар АЖ-ны құруға немесе дамытуға арналған техникалық тапсырмада және (немесе) ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған техникалық ерекшелікте айқындалады.

104. АБК-ның серверлік жабдығының үлгілік конфигурациясын таңдау:

1) көп процессорлық архитектурасы бар;

2) ресурстарды масштабтауға және өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін;

3) виртуалдау технологиясын қолдайтын;

- 4) ресурстарды басқару, өзгерту және қайта бөлу құралдарын қамтитын;
- 5) қолданыстағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылыммен үйлесімді серверлерінің басымдылығын қамтамасыз етуді ескере отырып жүзеге асырылады.

105. Сервердің жоғары қолжетімдігін қамтамасыз ету үшін:
- 1) резервтік желдеткіштерді, қуаттау блоктарын, енгізу-шығару дискілері мен адаптерлерін жедел ауыстырудын;
  - 2) жады парақшаларын динамикалық тазалаудың және қайта бөлудің;
  - 3) процессорларды динамикалық қайта бөлудің;
  - 4) қатерлі оқигалар туралы хабарлаудың;
  - 5) қатерлі компоненттердің жай-күйін үздіксіз бақылауды қолдау мен бақылаудағы көрсеткіштерді өлшеудің кіркітілген жүйелері қолданылады.

106. Сатып алғынатын серверлік жабдық өндірушінің техникалық қолдауымен қамтамасыз етіледі. Өндірістен алғынатын серверлік жабдық сатып алынбайды.

107. АҚ-ның НТК-да айқындалған АҚ-ны тұрақты негізде қамтамасыз ету мақсатында серверлік жабдықтың конфигурациясын тексереп отырып, оны түгендеу жүзеге асырылады.

108. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен АҚ бойынша бірлескен жұмыстар шартын ресімдеп, қызмет көрсету қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін МО және ЖАО ақпараттандыру объектілерінің АБК серверлік жабдығы:

бірінші класс – МО серверлік орталығында ғана орналастырылады;  
екінші класс – осы БТ-да белгіленген серверлік үй-жайларға қойылатын талаптарға сәйкес жабдықталған МО-ның серверлік орталығында, МО, ЖАО немесе жұмылдырылатын заңды тұлғаның серверлік орталығында орналастырылады.

**Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) қаулысымен.**

108-1. МО мен ЖАО-ның ақпараттандыру объектілерінің АБК қолжетімділігін және істен шықпай жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін деректерді өндеудің аппараттық-бағдарламалық құралдарын, деректерді сақтау жүйелерін, деректерді сақтау желілерінің компоненттерін резервтеу екінші және үшінші кластардағы ақпараттандыру объектілері үшін МО-ның, ЖАО-ның немесе жұмылдырылатын заңды тұлғаның осы БТ-да белгіленген серверлік үй-жайларға қойылатын талаптарға сәйкес жабдықталған резервтік серверлік үй-жайында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен АҚ бойынша бірлескен жұмыстар шартын ресімдей отырып жүзеге асырылады.

**Ескерту. Талаптар 108-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң**

қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

109. Деректерді сақтау жүйелеріне қойылатын талаптар АЖ-ны құруға немесе дамытуға арналған техникалық тапсырмада және (немесе) ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған техникалық ерекшелікте айқындалады.

110. Деректерді сақтау жүйесі:

деректерді репликациялауға арналған бірыңғай құралдарды;

деректерді сақтау көлемі бойынша масштабталуды қолдауды қамтамасыз етеді.

111. Жоғары қолжетімдікті талап ететін жүктемесі жоғары АЖ-лар үшін:

1) деректерді сақтау желілері;

2) виртуалдау және (немесе) деректерді сатылап сақтау жүйесін қолдайтын деректерді сақтау жүйелері пайдаланылады.

112. Деректерді сақтау жүйесінің жоғары қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін мынадай кіріктірілген жүйелер енгізіледі:

1) резервтік желдеткіштер мен қуат беру блоктарын жедел ауыстыру;

2) енгізу-шығару дискілері мен адаптерлерін жедел ауыстыру;

3) көтерлі оқиғалар туралы хабарлау;

4) белсенді контроллерлер (екеуден кем емес);

5) деректерді сақтау желісінің интерфейстері (бір контроллерге екі порттан кем емес);

6) көтерлі компоненттердің жай-күйін үздіксіз бақылауды қолдау және бақылаудағы көрсеткіштерді өлшеу.

113. Деректерді сақтау жүйесі резервтік көшіру жүйесімен қамтамасыз етіледі.

114. АҚ-ны, деректерді сенімді сақтауды және қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін:

1) осы БТ-ның 48-тармағына сәйкес АКҚҚ-ны пайдалана отырып, сақтаудағы таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты, құпия АЖ, құпия ЭАР және қолжетімділігі шектелген дербес деректерді қамтитын ЭАР ақпаратын криптографиялық қорғау қолданылады;

2) қауіпсіздік деңгейі бойынша пайдаланылатын АКҚҚ-ның ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалану қағидаларында криптографиялық кілттерге арналып белгіленген қауіпсіздік деңгейінен төмен емес қорғалған шифрлау кілттерін сақтауға бөлінген сервер пайдаланылады;

3) АҚ-ның НТҚ-сында айқындалған резервтік көшіру регламентіне сәйкес резервтік көшірмені жазу және сынақтан өткізу қамтамасыз етіледі.

115. Құпия АЖ-да, құпия ЭАР-да және қолжетімділігі шектелген дербес деректерді қамтитын ЭАР-да пайдаланылатын ақпаратты тасығыштарды пайдаланудан шығарған

кезде ақпаратты кепілдікті жоюдың бағдарламалық және аппараттық қамтылымы қолданылады.

116. Серверлік жабдықтың және жұмыс станцияларының жүйелік БҚ-сын таңдаған кезде:

- 1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 2) операциялық жүйелер типіне (клиенттік немесе серверлік) сәйкес келуі;
- 3) пайдаланылатын қолданбалы БҚ-мен үйлесімділігі;
- 4) телекоммуникация желілерінде жұмыс істейтін желілік сервистерді қолдауы;
- 5) көпміндettілікті қолдауы;
- 6) операциялық жүйелерді өндіруші шығаратын маңызды жаңартуларды және қауіпсіздік жаңартуларын алу мен орнатудың штаттық құралдарының болуы;
- 7) диагностикалау, аудит және оқығалар журналын жүргізу құралдарының болуы;
- 8) виртуалдау технологияларын қолдауы ескеріледі.

Ескерту. 116-тармақта өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

116-1. МО және ЖАО қызметшілері жұмыс станциясынан бірыңғай интерфейсті және "электрондық үкімет" барлық жүйелері мен сервистеріне (компоненттеріне, бағдарламалық өнімдеріне) қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған "Қызметшінің цифрлық жұмыс орнына" қол жеткізе алады.

Ескерту. 2-тaraу 116-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

117. Жүйелік БҚ-ны сатып алу мынадай басымдық ескеріле отырып жүзеге асырылады:

1) сатып алу құнын, сондай-ақ пайдалану кезеңінде лицензиялаудың жиынтық құнын төмендетуді қамтамасыз ететін лицензиялау моделі;

2) техникалық қолдаумен және сүйемелдеумен қамтамасыз етілген БҚ.

118. АҚ-ны қамтамасыз ету мақсатында жүйелік БҚ:

1) мыналарды:

пайдаланушыларды сәйкестендіруді, аутентификациялауды және парольдерін басқаруды;

сәтті және сәтсіз қол жеткізулерді тіркеуді;

жүйелік артықшылықтардың пайдаланылуын тіркеуді;

қосылу уақытын шектеуді, қажет болған кезде уақыт лимитін асыру бойынша сеансты бұғаттауды пайдалана отырып, қолжетімділікті бақылауды;

2) операциялық жүйені бақылау құралын айналып өту қабілеті бар жүйелік утилиталарды пайдаланушылардың пайдалануына жол бермеу және әкімшілер үшін шектеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

119. ЕБҚ авторлық құқық туралы заңнама талаптарын сақтай отырып, өтеусіз, МО-да пайдалануға кедергі жасайтын лицензиялық шектеулесіз таратылады.

120. ЕБҚ ашық бастапқы кодымен ұсынылады.

121. МО-да пайдаланатын ЕБҚ ақпараттық өзара іс-қимылды ЭУШ арқылы жасау форматтарын қолдауды ескере отырып пысықталады.

122. ЕБҚ-ны пайдаланған кезде АҚ-ны қамтамасыз ету үшін:

ЕБҚ-ны әзірлеушілер қоғамдастыры қолдайтын немесе бағдарламалық коды сараптаудан және сертификаттаудан өткен ЕБҚ-ны пайдалануға жол беріледі;

ЕБҚ-ның пайдаланылған нұсқалары сақталады.

## **7-параграф. Телекоммуникация желілеріне қойылатын талаптар**

123. Ведомствоның (корпоративтік) телекоммуникация желілері бір меншік иесіне тиесілі бөлінген меншікті немесе жалға алынған байланыс арналары арқылы локальдық желілерді біріктіре отырып ұйымдастырылады.

Локальдық желілерді біріктіруге арналған бөлінген байланыс арналары арналық және желілік деңгейлердегі хаттамаларды пайдалана отырып ұйымдастырылады.

124. Ведомствоның (корпоративтік) желінің бірнеше локальдық желінің біріктіру арқылы ұйымдастырыған кезде желінің радиалдық немесе тораптық-радиалдық топологиясы қолданылады. Бөлінген арналар тораптық нүктelerde бір шектес шлюзге қосылады. Локальдық желілерді каскадты (жүйелі) қосуға жол берілмейді.

125. Ведомствоның (корпоративтік) телекоммуникация желісін жобалау кезінде оның құжат жүзіндегі схемасы құрылады, ал пайдалану кезінде өзектілендірілген күйде үсталады.

126. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

127. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

128. Бөлінген байланыс арнасының АҚ қамтамасыз ету мақсатында:

1) ақпаратты қорғаудың, оның ішінде АКҚҚ-ны пайдалана отырып криптографиялық шифрлаудың бағдарламалық-техникалық құралдары қолданылады;

2) маршруттау қагидалары мен қауіпсіздік саясаттары жазылған шектес шлюз арқылы жергілікті желіге қосылады. Шектес шлюз мынадай ең тәменгі функциялар жинағын қамтамасыз етеді:

желі тораптарын орталықтандырылған авторлау;

әкімшілердің артықшылық деңгейлерінің конфигурациялау;

әкімшілердің іс-қимылдарын хаттамалау;

желілік мекенжайларды статикалық тарату;

желілік шабуылдардан қорғау;

физикалық және логикалық порттардың жай-күйін бақылау;

әр интерфейсте кіріс және шығыс пакеттерін електен өткізу;

берілетін трафикті АКҚҚ пайдалана отырып криптографиялық қорғау;

3) ведомстволық (корпоративтік) телекоммуникациялар желісін және АС жергілікті желілерін өзара қосқан кезде:

ақпарат ағындарын бөлу және оқшаулау құралдары;

АҚ-ны және қауіпсіз басқаруды қамтамасыз ететін компоненттері бар жабдық;

бөлінген және қол жеткізу жабдығымен интеграцияланған МО БКО периметрін қорғау мақсатында әрбір қосылу нүктесінде орнатылған желіаралық экрандар пайдаланылады;

4) ведомстволық (корпоративтік) телекоммуникациялар желісі мен жергілікті желілерді Интернетке ИҚБШ арқылы қосқан кезде МО, мемлекеттік занды тұлғалар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ АҚИ-дің аса маңызды объектілерінің меншік иелері немесе иеленушілері оператордың немесе ИҚБШ жабдығында резервтеген байланыс арналары бар басқа байланыс операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланады.

Ведомстволық (корпоративтік) телекоммуникациялар желісін және жергілікті желілерді Интернетке ИҚБШ арқылы қосу ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

5) МО-ның, ЖАО-ның қызметшілері және мемлекеттік занды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері, сондай-ақ АҚИ-дің аса маңызды объектілерінің меншік иелері немесе иеленушілері өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде жедел ақпарат алмасуды электрондық нысанда жүзеге асыру үшін:

ведомстволық электрондық поштаны, лездік хабарлар қызметін және өзге де сервистерді;

егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, басқару орталықтары мен серверлері іс жүзінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан электрондық поштаны, лездік хабарлар қызметін және өзге де сервистерді;

шетелдік жеке және занды тұлғалармен коммуникация жасау мақсатында бейнеконференцбайланыстың қолжетімді бұлтты онлайн-сервистерін пайдаланады;

6) МО мен ЖАО ведомстволық электрондық поштасының сыртқы электрондық пошта жүйелерімен өзара іс-қимылды электрондық поштаның бірыңғай шлюзі арқылы ғана жүзеге асырылады;

7) МО-ның, ЖАО-ның қызметшілері және мемлекеттік занды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері, сондай-ақ АҚИ-дің аса

маңызды объектілерінің меншік иелері немесе иеленушілері сыртқы шеңбердің ЖЖ-нен ИР-ға ЕБҚ болып табылатын және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен ИҚБШ-ның жұмыс істеу қағидаларының талаптарына сәйкес келетін веб-шолғышты пайдалана отырып, ИҚБШ арқылы ғана қол жеткізуі жүзеге асырады;

8) МО-ның, ЖАО-ның қызметшілері мен мемлекеттік заңды тұлғалардың жұмыскерлерінің интернет-ресурстарға қол жеткізуі дистрибутивінде Қазақстан Республикасының ұлттық қуәландыруши орталығының және Қазақстан Республикасының негізгі қуәландыруши орталығының алдын ала орнатылған тіркеу қуәліктері бар интернет-браузер арқылы жүзеге асырады.

**Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

129. АС-ты МО БКО-ға қосу уәкілетті орган айқындайтын МО БКО-ға қосу және МО БКО арқылы инtranet-ресурсқа қол жеткізуі ұсыну қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

АС өтінімдері бойынша оператор:

АС өтінімдері бойынша МО БКО-ға қосылған АС жергілікті желілерінің IP-мекенжайларын бөлуді, тіркеуді және қайта тіркеуді;

АС өтінімдері бойынша Интернеттің gov.kz және мем.қаз домендік аймақтарында домендік атауларды тіркеуді;

АС өтінімдері бойынша МО БКО желісінде домендік атауларды тіркеуді;

МО БКО желісінде DNS сервисін ұсынуды жүзеге асырады.

**Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

130. МО-да немесе ЖАО-да "электрондық үкіметтің" тек жалпыға қолжетімді ЭАР-ға және МО-ның немесе ЖАО-ның келушілерінің болуына рұқсат берілген "қонақтарға арналған орында" сымсыз қолжетімділікті ұйымдастыруға арналған құрылғыларды пайдалануға ғана жол беріледі.

131. Осы БТ-ның 48-тармағына сәйкес ЭУ АКИ операторы ұйымдастырган АКҚҚ пайдаланылатын МО БКО сымсыз байланыс арналарын қоспағанда, МО БКО-ға, АС-нің жергілікті желісіне, сондай-ақ МО БКО, АС-нің жергілікті желісінің құрамына кіретін техникалық құралдарға сымсыз желілер арқылы қашықтан қол жеткізуі, сымсыз қолжетімділікті ұйымдастыруға арналған құралдарды, модемдерді, радиомодемдерді, ұялы байланыс операторларының желілік модемдерін, ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын және басқа да сымсыз желілік құрылғыларды қосуға жол берілмейді.

**Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

131-1. МО немесе ЖАО қабылдаған АҚ саясатымен рұқсат етілмеген ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын, ұялы байланыс операторлары желілерінің модемдерін, сондай-ақ ақпараттың электрондық жеткізгіштерін қосуды бақылауды жүзеге асыру қажет.

**Ескерту. Талаптар 131-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

132. ЭҮ АКИ операторы АС өтінімдері бойынша:

МО БКО-ға қосылған АС жергілікті желілерінің IP-мекенжайларын АС өтінімдері бойынша бөлуді, тіркеуді және қайта тіркеуді;

АС өтінімдері бойынша Интернеттің домендік аймақтарында gov.kz және мем.қаз домендік аттарын тіркеуді;

АС өтінімдері бойынша домендік аттарды МО БКО-да тіркеуді;

МО БКО желісінде DNS сервисін ұсынуды жүзеге асырады.

**Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

133. МО және ЖАО жыл сайын:

1) мемлекеттік техникалық қызметтен ИҚБШ жабдығында пайдаланылатын интернет-ресурстар санаттарының тізбесін сұратады;

2) жоғарыда аталған тізбеден МО және ЖАО қызметшілерінің оларға қолжетімділігі ИҚБШ құралдарымен рұқсат етілетін интернет-ресурстардың санаттарын іріктеуді және олардың тізімін жасайды;

3) жоғарыда аталған тізімді және Интернетке қол жеткізуге рұқсат алтын МО мен олардың аумақтық бөлімшелерінің, ЖАО-ның ақпараттық-коммуникациялық желілерінің желілік мекенжайларының тізімдерін мемлекеттік техникалық қызметке ИҚБШ жабдығында қолдану үшін;

4) VPN-арналарды ұйымдастыруға өндірістік қажеттілік болған жағдайда мемлекеттік техникалық қызметке ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісілген, талап етілетін VPN-арналар бойынша техникалық ақпаратты (дереккөздің және тағайындаудың IP-мекенжайлары, порттар, хаттама) жібереді.

**Ескерту. 133-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

133-1. МО немесе ЖАО ЖЖ-ның сыртқы шеңберінде орналасқан ақпараттандыру объектілерінде МО немесе ЖАО ЖЖ-ның сыртқы шеңберінен тыс қашықтан басқару үшін бағдарламалық немесе техникалық құралдарды орнатуға және қолдануға жол берілмейді.

Ескерту. Талаптар 133-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

134. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

134-1. Мемлекеттік техникалық қызмет ИҚБШ жабдықтарында ИР мен БҚ-ның майна санаттарын бұғаттау саясатын қолданады (әдеттегідей):

- VPN;
- қашықтан кіру;
- p2p;
- ойын ресурстары;
- ИР және БҚ санаттарының тізбесіне әдеттегідей кірмейтін белгісіз қосымшалар;
- зиян келтіретін ИР және БҚ.

Ескерту. Талаптар 134-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

134-2. 134-1-тармақта көрсетілген ИР және БЖ жекелеген санаттарын бұғатталудан босату мүмкіндігін мемлекеттік техникалық қызмет МО-дан, ЖАО-дан, мемлекеттік ұйымдардан, квазимемлекеттік сектор субъектілерінен, сондай-ақ АКИ аса маңызды объектілерінің иелерінен түсken ресми сұрау салу негізінде қарайды.

Ескерту. Талаптар 134-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

135. Құрылатын немесе дамытылатын локальдық желіге қойылатын талаптар ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған техникалық ерекшелікте айқындалады.

Жергілікті желінің кабельдік жүйесін жобалау кезінде ҚР ҚН 3.02-17-2011 "Құрылымдалған кабельдік желілер. Жобалау нормалары" мемлекеттік нормативінің талаптарын сактау қажет.

136. Жобалау кезінде жергілікті желінің құжат жүзіндегі схемасы құрылып, оны пайдаланған кезде өзектілендірілген күйде ұсталады.

137. Кабельдік жүйенің барлық элементтері ҚР ҚН 3.02-17-2011 "Құрылымдалған кабельдік желілер. Жобалау нормалары" мемлекеттік нормативінің 13.1.5-тармағының талаптарына сәйкес таңбалалауға жатады.

Барлық кабельдік қосылулар кабельдік қосылуларды есепке алу журналында тіркеледі.

138. Локальдық желілердің белсенді жабдығы үздіксіз қоректендіру көздерінен электр қуатын берумен қамтамасыз етіледі.

139. Жергілікті желілерде АҚ қамтамасыз ету үшін:

1) жергілікті желінің кабельдік жүйесінің пайдаланылмайтын порттары белсенді жабдықтан физикалық түрғыдан ажыратылады;

2) мынадай қағидалар қамтылған АҚ ТҚ әзірленеді және бекітіледі:

желілер мен көрсетілетін желі қызметтерін пайдалану;

халықаралық (аумақтық) деректерді беру желілеріне қосылу;

Интернетке және (немесе) телекоммуникация желілеріне, халықаралық (аумақтық) деректерді беру желілеріне шығатын байланыс желілеріне қосылу;

желілік ресурстарға сымсыз қолжетімділікті пайдалану;

3) таратылуы шектелген қызметтік ақпарат, жасырын АЖ, жасырын ЭАР және қолжетімділігі шектелген дербес деректерді қамтитын ЭАР ақпараты қорғалмаған сымды байланыс арналары мен тиісті АКҚ-мен жабдықталмаған радиоарналар арқылы берілмейді.

Таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес таратылуы шектелген ақпаратты қорғау жөніндегі арнайы талаптар сақтала отырып жүргізіледі;

4) мынадай құралдар пайдаланылады:

пайдаланушыларды сәйкестендіру, аутентификациялау мен қолжетімділікті басқару

;

жабдықты сәйкестендіру;

диагностикалық және конфигурациялық порттарды қорғау;

жергілікті желіні физикалық сегменттеу;

жергілікті желіні логикалық сегменттеу;

желілік қосылуды басқару;

желіаралық экрандау;

жергілікті желінің ішкі мекенжайлық кеңістігін жасыру;

деректердің, хабарлар мен конфигурациялардың тұтастығын бақылау;

осы БТ-ның 26-тармағына сәйкес ақпаратты криптографиялық қорғау;

деректерді беру арналарын және желілік жабдықты физикалық қорғау;

АҚ оқиғаларын тіркеу;

желілік трафикті мониторингтеу және талдау;

желіні басқару;

5) арнайы мақсаттағы телекоммуникациялар және/немесе үкіметтік, құпияландырылған, шифрланған және кодталған байланыс желілерін қоспағанда,

МО-ның, сондай-ақ ЖАО-ның жергілікті желілерінің өзара іс-қимыл жасауы МО БКО арқылы ғана жүзеге асырылады;

6) арнайы мақсаттағы телекоммуникациялар және/немесе үкіметтің, құпияландырылған, шифрланған және кодталған байланыс желілерін қоспағанда, орталық атқарушы мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің жергілікті желілерінің өзара іс-қимыл жасауы МО БКО арқылы ғана жүзеге асырылады;

7) АҚҚҚ-ны пайдалана отырып ұйымдастырылған байланыс арналарын қоспағанда, шетелде орналасқан немесе экрандалған ішкі желіні қолдана отырып ұйымдастырылған Қазақстан Республикасының мекемелері үшін осы БТ-ның 48-тармағына сәйкес АС ішкі шеңберінің ЖЖ және сыртқы шеңберінің ЖЖ өзара түйіндесуіне жол берілмейді;

8) АС-ның ішкі шеңберінің ЖЖ Интернетке қосуға жол берілмейді;

9) АС-ның сыртқы шеңберінің ЖЖ Интернетке қосу ИҚБШ арқылы ғана жүзеге асырылады. Арнаулы және құқық қорғау МО-лардың жедел мақсаттарда қосылуын қоспағанда, Интернетке езге тәсілмен қосылуға жол берілмейді. ЭУСШ-ның Интернетпен өзара іс-қимыл жасауы ИҚБШ арқылы жүзеге асырылады;

10) экрандалған ішкі желі қолданылған жағдайларды қоспағанда, ақпараттық өзара іс-қимылды Интернет арқылы іске асыратын АС АЖ АС-ның сыртқы шеңберінің бөлінген ЖЖ сегментінде орналастырылады және АС-ның ішкі шеңберінің ЖЖ орналастырылған АС-ның АЖ-мен өзара іс-қимыл жасауы ЭУСШ арқылы жүзеге асырылады;

11) экрандалған ішкі желі қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Интернетте орналастырылған АЖ-лардың АС-ның ішкі шеңберінің ЖЖ орналастырылған АС-ның АЖ-мен өзара іс-қимыл жасауы ЭУСШ арқылы ғана жүзеге асырылады;

12) жоғары деңгейдегі уақыт көзі инфрақұрылымының серверлері үйлестірілген әлемдік уақыттың UTC (kz) ұлттық шәкілін көрсететін уақыт пен жиілік эталонымен синхрондалады.

Дәл уақыт инфрақұрылымының серверлері жоғары деңгейдегі дәл уақыт инфрақұрылымының серверімен синхрондалады.

Дәл уақыт инфрақұрылымының серверлері клиенттерге уақытты синхрондауға мүмкіндік береді;

13) пайдаланылмайтын ашық желілік порттар ажыратылады.

**Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

140. БТ-ның 139-тармағының 10), 11) тармақшаларында көзделген талаптар 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген және 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін дамуға жатпайтын МО-ның немесе ЖАО-ның АЖ-ларына қолданылмайды.

МО АЖ және ЖАО деректерінің мемлекеттік емес АЖ-мен ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі Заңның 7-бабының 13) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру

саласындағы уәкілдегі орган бекіткен "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларында айқындалады.

**Ескерту. 140-тармақ жаңа редакцияда – КР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қауулысымен.**

## **8-параграф. Техникалық құралдардың ұздіксіз жұмыс істеу жүйелеріне және ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талағтар**

141. АБК-ның және деректерді сақтау жүйесінің серверлік жабдығы серверлік үй-жайда орналастырылады.

142. Серверлік үй-жай өте алмайтын, терезе ойықтары жоқ бөлек үй-жайларда орналастырылады. Терезе ойықтары болған жағдайда, олар жабылады немесе жанбайтын материалдармен бекітіледі.

Қабырға, төбе мен еден сырттары үшін шаң шығармайтын және жинамайтын материалдар пайдаланылады. Еден жабыны үшін антистатикалық қасиеті бар материалдар пайдаланылады. Серверлік үй-жай ластайтын заттардың кіруінен қорғалады.

Серверлік үй-жайдың қабырғалары, есіктері, тебесі, едені және аралықтары үй-жайдың герметикалығын қамтамасыз етеді.

143. Серверлік үй-жай есіктерінің ені 1,2 метрден және биіктігі 2,2 метрден кем болмайды, сыртқа қарай ашылады немесе екі жаққа жылжымалы болады. Есік жақтауының құрылышында табалдырық пен орталық тірегі болмайды.

144. Серверлік үй-жай кабельдік жүйелер мен инженерлік коммуникацияларды орналастыруға арналған фальшеденмен және (немесе) фальштөбемен жабдықталады.

145. Серверлік үй-жай арқылы қандай да бір транзиттік коммуникациялардың өтуіне жол берілмейді. Әдеттегі және өрт сөндіру суымен жабдықтау, жылу және көріз трассалары серверлік үй-жайдың аумағынан шығарылып, серверлік үй-жайдың үстіндегі жоғары қабаттарда орналастырылмайды.

146. Ғимараттың қуатты және нашар қуатты кабельдік желілерін өткізуге арналған коммуникация арналары өзара қалыптандырылған бөлек немесе аралықтармен бөлінген кабельдік ұяшықтарда, қораптарда немесе құбырларда орындалады. Нашар қуатты және күштік шкафттар бөлек орнатылады және құлышпен жабылады.

Кабельдерді жабулар, қабырғалар, аралықтар арқылы өткізу жанбайтын материалдармен герметикаланған жанбайтын құбырлар бөліктерінде жүзеге асырылады.

147. Серверлік үй-жай сыртқы электромагнитті сәулеленуден сенімді қорғалады.

148. Жабдықты орналастыру кезінде:

1) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Электр энергетикасы туралы заң) 5-бабының 27) тармақшасына сәйкес энергетика саласындағы уәкілдегі орган бекіткен Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын орындау қамтамасыз етіледі;

2) жабдық пен коммуникациялардың салмағы ескеріліп, жабдықты жеткізу шарттердің және (немесе) өндірушінің орнатуға (монтаждауға), жабындар мен фальшеденге түсетін жүктемеге қойылатын талаптарын орындау қамтамасыз етіледі;

3) жабдыққа қызмет көрсетеү үшін еркін қызметтік өту жолдарының болуы қамтамасыз етіледі;

4) микроклиматты қамтамасыз өту жүйесінің ая ағындарын ұйымдастыру ескеріледі;

5) фальшедендер мен фальштөбелер жүйесін ұйымдастыру ескеріледі.

**Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

149. Серверлік үй-жайда орнатылған жабдықты техникалық сүйемелдеу кезінде:

1) жабдыққа қызмет көрсетеу;

2) аппараттық-бағдарламалық қамтылымның жұмысында пайда болатын проблемаларды жою;

3) кідірuler мен істен шығу фактілері, сондай-ақ қалпына келтіру жұмыстарының нәтижелері;

4) өте маңызды жабдыққа кепілдікті қызмет көрсетеу мерзімі аяқталған соң кепілдікті мерзімнен кейінгі қызмет көрсетеу құжатталады.

Құжаттау нысаны мен тәсілі өздігінен айқындалады.

150. Өте маңызды жабдыққа қызмет көрсетеуді сертификатталған техникалық персонал орындаиды.

151. Серверлік үй-жайға тікелей жақын жерде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген кезде жедел ауыстыруды орындау үшін жинақтаушылар мен жабдық қоры қамтылған өте маңызды обьектіге арналған қосалқы бөлшектер қоймасы жасалады.

152. Пайдаланудағы жабдықтың жұмысына тек қана ақпараттық технологиялар бөлімшесі басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның рұқсатымен ғана араласуға болады.

153. Негізгі және резервтік серверлік үй-жайлар бір-бірінен алғыс тұрған ғимараттарда қауіпсіз қашықтықта орналастырылады. Резервтік серверлік үй-жайларға қойылатын талаптар негізгі серверлік үй-жайларға қойылатын талаптарға ұқсас болады.

154. АҚ-ны, істен шығуының болмаушылығын және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз өту мақсатында:

1) серверлік үй-жайда қатерлердің, қауіптердің орын алу тәуекелдерін және рұқсатсыз қол жеткізу мүмкіндіктерін төмендетуді қамтамасыз ететін жабдықты орналастыру тәсілдері қолданылады;

2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3) серверлік үй-жайда орнатылған АКИ объектілерін сүйемелдеуді жүзеге асыру үшін авторландырылған тұлғалардың тізімі өзектілендірілген күйде ұсталады;

4) серверлік үй-жай:

кіруді бақылау және басқару;

микроклиматты қамтамасыз ету;

құзет дабылы;

бейнебақылау;

өрт дабылы;

өрт сөндіру;

кеңілді электрмен қоректендіру;

жерге тұйықтау жүйелерімен жабдықталады;

5) серверлік үй-жай инфрақұрылымының істен шығуының болмаушылығы 99,7 % кем болмайды.

Ескерту. 154-тармаққа өзгерістер енгізді – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

155. Кіруді бақылау және басқару жүйесі серверлік үй-жайға рұқсатпен кіруді және одан рұқсатпен шығуды қамтамасыз етеді. Кіретін есіктің бөлеу құрылғылары мен құрылышы кіруді сәйкестендіргіштерді кіретін есіктің тамбуры арқылы кері бағытта тапсыру мүмкіндігіне жол бермеуге тиіс.

Кіруді бақылау және басқару жүйесінің орталық басқару құрылғысы бөгде адамдардың кіруінен қорғалған жеке қызметтік үй-жайларда, құзет постының үй-жайында орнатылады. Жүйе жұмысының режимдеріне ықпал ететін кіруді бақылау және басқару жүйесінің бағдарламалық құралдарына құзет персоналы тарарапынан қол жеткізуге жол берілмейді.

Кіруді бақылау және басқару жүйесін электрмен жабдықтау кезекші жарықтандыру қалқанының бос тобынан жүзеге асырылады. Кіруді бақылау және басқару жүйесі резервтік электр қоректендірумен қамтамасыз етіледі.

156. Микроклиматты қамтамасыз ету жүйесі ауаны баптау, желдету және микроклиматтың мониторингі жүйелерін қамтиды. Серверлік үй-жайдың микроклиматын қамтамасыз ету жүйесі ғимаратта орнатылған басқа микроклимат жүйелерімен біріктірілмейді.

Серверлік үй-жайдағы температура 45 %-дан 55 %-ға дейінгі салыстырмалы ылғалдығы кезінде 20  $^{\circ}\text{C}$ -дан 25  $^{\circ}\text{C}$  дейінгі диапазонда ұсталады.

Ауаны баптау жүйесінің қуаты барлық жабдықтар мен жүйелердің жылу шығару жинағынан артық болу керек. Ауаны баптау жүйесі резервтеумен қамтамасыз етіледі. Серверлік үй-жайдағы ауа баптағыштарды кепілді электрмен қоректендіру жүйесінен немесе үздіксіз электрмен қоректендіру жүйесінен электрмен қоректендіру жүзеге асырылады.

Желдету жүйесі таза ауаның фильтр арқылы кіруін және қысқы уақытта кіретін ауаны жылытуды қамтамасыз етеді. Серверлік үй-жайдағы ауа қысымы көрші үй-жайлардан ластанған ауаның кіруін болдырмау үшін артық ауамен жасалады. Ауаны тарту және шығару желдету жүйесінің ауа өткізгіштеріне өрт сөндіру жүйесімен басқарылатын қорғау клапандары орнатылады.

Ауаны баптау және желдету жүйелері өрт дабылының сигналы бойынша автоматты түрде ажыратылады.

Микроклиматтың мониторингі жүйесі серверлік шкафтардағы және телекоммуникациялық тіреулердегі мынадай климаттық параметрлерді бақылайды:

- ауа температурасы;
- ауа ылғалдығы;
- ауаның тозаңдылығы;
- ауда тұтіннің болуы;
- шкафттар есіктерінің ашылуы (жабылуы).

**Ескерту. 156-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

157. Серверлік үй-жайдың күзет дабылы жүйесі ғимараттың қауіпсіздік жүйелерінен бөлек орындалады. Хабарландыру сигналдары тәуліктік күзет үй-жайына жеке пульт түрінде шығарылады. Серверлік үй-жайдың барлық кіру мен шығулары, сондай-ақ серверлік үй-жайдың ішкі көлемі бақылануы және күзетілуі тиіс. Күзет дабылы жүйесінің жеке резервтік қоректендіру көзі болады.

158. Бейнебақылау жүйесінің камераларын орналастыру барлық серверлік үй-жайға барлық кірулер мен шығулардың, жабдық жаңындағы кеңістіктің және өтулердің бақылануын қамтамасыз етуді ескере отырып тандалады. Камералардың көру бұрышы мен мүмкіндігі адамдарды тануды қамтамасыз етуге тиіс. Камералардағы бейнелер тәуліктік күзет үй-жайына жеке пультқа шығарылады.

159. Серверлік үй-жайдың өрт дабылы жүйесі ғимараттың өрт дабылынан бөлек орындалады. Серверлік үй-жайда датчиктердің екі түрі орнатылады: температуралық және тутіндік.

Датчиктер серверлік үй-жайдың жалпы кеңістігін және фальшеденмен және (немесе) фальштөбемен құрылған көлемдерді бақылайды. Өрт дабылы жүйесінің хабарландыру сигналдары тәуліктік күзет үй-жайындағы пультқа шыгарылады.

160. Серверлік үй-жайдың өрт сөндіру жүйесі ғимараттың өрт сөндіру жүйесіне тәуелсіз өртті газбен сөндірудің автоматты қондырғысымен жабдықталады. Өртті газбен сөндірудің автоматты қондырғысында от сөндіргіш ретінде арнайы уытсыз газ пайдаланылады. Үнтақты және сұйықтық өрт сөндіргіштер пайдаланылмайды. Өртті газбен сөндіру қондырғысы нақты серверлік үй-жайда немесе оның жанында осы мақсатта арнайы жабдықталған шкафта орналастырылады. Өрт сөндіру жүйесі тутін шыққанда іске қосылатын, өртті ерте айқындау датчиктерінен, сондай-ақ үй-жайдан шығу есігінің жанында орналасқан қол датчиктерден іске қосылады. От сөндіргішті шығаруды кешіктіру уақыты 30 с аспайтын уақытты құрайды. Өрт сөндіру жүйесінің іске қосылуы туралы хабарландыру үй-жайдың ішінде және сыртында орнатылатын таблоға шығарылады. Өрт сөндіру жүйесі желдету жүйесінің қорғау клапандарын жабу және жабдықты қоректендіруді ажырату командаларын береді. Өрт сөндіру жүйесімен жабдықталған серверлік үй-жай отты сөндіретін газды жоюға арналған тартып шығару желдетуімен жабдықталады.

161. Кепілді электрмен қоректендіру жүйесі сыртқы электрмен қоректендірудің түрлі көздерінен ~400/230В кернеуге 50 Гц жиілігімен және дербес генератордан электрмен қоректендірудің екі жолының болуын көздейді. Барлық электр энергиясы көздері негізгі кіру жолында электрмен қоректендіру тоқтатылған, уақытша тоқтатылған кезде электрмен қоректендіру автоматты резервтік кіру жолына ауыстыруды орындайтын резервті енгізу автомата на беріледі. Электрмен қоректендіру желілерінің параметрлері мен тарауларының бөлінуі сервер үй-жайының жабдығы және ішкі жүйелері тұтынатын қуаттың жоспарлы жинағына сүйене отырып айқындалады. Электрмен қоректендіру желілері бес сымды схема бойынша орындалады.

Кепілді электрмен қоректендіру жүйесі сервер үй-жайының жабдығы мен жүйелерін үздіксіз қоректендіру көздері арқылы электрмен қамтамасыз етуді көздейді. Үздіксіз қоректендіру көздерінің қуаты мен конфигурациясы барлық қоректендірілетін жабдық пен алдағы уақытта дамуға арналған қорды ескере отырып есептеледі. Үздіксіз қоректендіру көздерінен дербес жұмыс істеу уақыты қажеттіліктерді, сондай-ақ резервтік желілерге ауысу үшін қажет уақытты және генераторды жұмыс режиміне қосу уақытын ескере отырып есептеледі.

162. Серверлік үй-жайдың жерге тұйықтау жүйесі ғимараттың қорғаныштық жерге тұйықтауынан бөлек орындалады. Серверлік үй-жайдың барлық металл бөліктері мен конструкциялары ортақ жерге тұйықтау шинасымен жерге тұйықталады. Жабдығы бар

әрбір шкаф (таған) ортақ жерге тұйықтау шинасымен жалғанатын жеке өткізгішпен жерге тұйықталады. Ақпаратты өндеу жабдығының ашық ток өткізгіш бөліктері электр қондырғысының бас жерге тұйықтау қысқышына жалғануға тиіс.

Асқын кернеуден қорғау құрылғыларын бас жерге тұйықтау шинасымен жалғайтын жерге тұйықтау өткізгіштері ең қысқа және тік (бұрыштары жоқ) болуға тиіс.

Жерге тұйықтау жүйесін құру және пайдалану кезінде мыналарды:

Электр энергетикасы туралы заңдың 5-бабының 19) тармақшасына сәйкес энергетика саласындағы уәкілдегі органның бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидаларын;

ҚР СТ ХЭК 60364-5-548-96 "Фимараттардың электр қондырғылары. 5-бөлім. Электр жабдығын таңдау және монтаждау". 548-бөлім "Құрылғыларды және ақпаратты өндеу жабдығы қамтылған электр қондырғыларындағы электр әлеуетін теңестіру жүйесін жерге тұйықтау" Қазақстан Республикасының стандартын;

ҚР СТ ХЭК 60364-7-707-84 "Фимараттардың электр қондырғылары. 7-бөлім. Арнайы электр қондырғыларына қойылатын талаптар". 707-бөлім "Ақпаратты өндеу жабдығын жерге тұйықтау" Қазақстан Республикасының стандартын;

ҚР СТ МемСТ 12.1.030-81 "ЕҚСЖ. Электр қауіпсіздігі. Қорғаныштық жерге тұйықтау, нөлге қою" Қазақстан Республикасының стандартын;

ҚР СТ МемСТ 464-79 "Сымды байланыстың стационарлық құрылғыларына, радиорелелік станцияларға, сымды хабар таратудың радиотрансляциялық тораптарына және телевизияны ұжымдық қабылдау жүйесінің антенналарына арналған жерге тұйықтау. Қарсылық нормалары" Қазақстан Республикасының стандартын басшылыққа алу қажет.

**Ескерту. 162-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.06.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

163. Телекоммуникациялық желілердің бөлу құрылғылары кростық үй-жайда орналастырылады. Кростық үй-жай ол қызмет көрсететін жұмыс аумағының ортасына жақын орналастырылады.

Кростық үй-жайдың көлемі қызмет көрсетілетін жұмыс аумағы мен орнатылатын жабдықтың көлеміне қарай таңдалады.

Кростық үй-жайлар мынадай талаптарға сәйкес болуы қажет:

жабдыққа қызмет көрсету үшін бос қызметтік өтетін жолдың болуы;

электромагниттік кедергілердің қуатты көздерінің (трансформаторлар, электр қалқандары, электр қозғалтқыштар және басқалары) болмауы;

сумен жабдықтау жүйесінің бұрандалары мен құбырларының болмауы;

өрт қауіпсіздігі жүйесінің болуы;

жеңіл жанатын материалдардың (ағаш сөрелер, картон, кітаптар және басқалары) болмауы;

жоба бойынша шкафты қосу үшін автоматтан бөлек жеке электр қуатталу желісінің болуы;

сигнализациялық күзет жүйесінің, кіруді бақылау жүйесінің болуы;  
ая баپтау жүйесінің болуы.

**Ескеरту. Талаптар 163-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 18.06.2018 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2016 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 832 қаулысына қосымша

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі № 965 қаулысының 1-тармағының 5) және 6) тармақшалары, 2-1 және 2-2 -тармақтары.

2. "Қазақстан Республикасында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі № 965 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 14 наурыздағы № 244 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі № 965 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 706 қаулысы.